



**«Балалардың психологиялық
денсаулығы мен дамуына өнімдердің,
тауарлардың әсерін бағалау»**

**Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша
аналитикалық баяндама**

Астана, 2016

Балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына өнімдердің, тауарлардың әсерін бағалау/ Оценка влияние продукции, товаров на психологическое здоровье и развитие детей /Даутов А.Т., Аюпова Р.Р., Киалбекова А.Г., Казтаева С.С. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2016. – 167 б/с.

Аталмыш баяндама балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына балаларға арналған өнімдердің әсер етуі жөніндегі әлеуметтік зерттеудің нәтижелерін қамтиды. Зерттеуді «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізді. Баяндамада балалар өнімдерінің сапасын және айналымын қадағалау, балалар өнімдерін енгізуге шектеу қою үшін қажет шаралар мәселелері көтерілді, сондай-ақ танымал балалар өнімдеріне (ойыншықтар, телеканалдар, ойындар) баға берілді.

Данный доклад содержит результаты эмпирического социологического исследования влияния детской продукции на психологическое здоровье и развитие детей. Исследование было проведено Научно-исследовательским центром «Молодежь». В докладе рассмотрены вопросы контроля за качеством и оборотом детской продукции, необходимые меры для ограничения ввоза детской продукции, а также дана оценка наиболее популярной детской продукции (игрушки, телеканалы, игры).

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы
010000, Қазақстан Республикасы
Астана қ., Б. Момышұлы даңғылы, 19а
Тел.: +7 /7172/ 79 25 45

Мазмұны

1. Зерттеудің бағдарламасы	4
1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі.....	4
1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.....	5
1.3 Негізгі түсініктерді интерпретациялау.....	6
1.4 Зерттеу гипотезалары.....	7
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі	7
1.6 Сарапшыларды таңдау сипаттамасы.....	8
2. Балалар өнімдерінің сапасын және айналамын бақылау жүйесі	10
2.1 Балалар өнімдерінің сапасын бақылау және сараптау	10
2.2 Балалар өнімдерін бағалайтын және бақылау жүргізетін құрылымдар	19
2.3 Қауіпсіз емес өнімдерді енгізуге шектеу үшін қажет шаралар	22
2.4 Балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымды және жағымсыз әсерін бағалау	26
Тарау бойынша қорытындылар	35
3. Балаларға арналған ақпараттық өнімдерді бағалау	38
3.1 Мультипликациялық фильмдер мен телебағдарламаларды бағалау	38
3.2 Компьютерлік өнімдерді бағалау	42
Тарау бойынша қорытындылар	44
4. Тәуекелдердің алдын алу және ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық талаптарға сәйкестілігі.....	46
4.1 Балалар өнімдерін таңдау барысындағы балалардың денсаулығы мен дамуы үшін тәуекелдердің алдын алудағы ата-аналардың рөлі	46
4.2 Балалар өнімдерінің сапасына өнім өндіруші елдің ықпалы	51
4.3 Жеке танымал ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкестілігін бағалау	52
Тарау бойынша қорытындылар	55
Қорытынды	57
Қосымша	58

1. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі

Мемлекет пен қоғамның мүдделілігі жалпы заманауи балаларды тәрбиелеу барысында маңызды рөл атқарады. Балалар мәдениеті жеке дамымайды, ол саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани өзара әрекет ететін салалардан құрылады.

Балалар білімін және тәрбиесін дамытудың өзекті проблемасының бірі – мектепке дейінгі және мектеп білім беру мекемелерінің пәндік-дамыту саласының заманауи ақпараттық-ойын ресурстарының талаптарына сәйкессіздік проблемасы болып табылады. Өнімдердің шамадан тыс болуы, оның ішінде ойыншықтар, дамыту құралдары, ойындар, телебағдарламалар және т.т., тек ата-аналар ғана емес, сонымен қатар тәжірибелі педагогтардың өзі таңдау жасау барысында және олар таңдаудың дұрыстығына күмәнмен қарайды. Дамыту ойындары мен құралдарды таңдау және дамыту саланы қалыптастыру кезінде нақты бағдарлардың болғаны дұрыс.

Осы орайда балалардың ақпараттық өнімге деген ерекше сезімтал болып келетінің атап өткен. Олар тек қандай да бір ақпаратты қабылдап қана қоймай, ересектер жасаған субмәдениеттің атмосферасында қалыптасып, дамиды. Бұл кезеңде әлем туралы, бастапқы эстетикалық және этикалық бастаулар, жалпы қағидалар, өз-өзіне және басқа адамдарға деген көзқарас қалыптасады.

Кез келген әсер, әсіресе көркем әсерлер баланың тұлғалық негіздерінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Бала қабылдаған әсерлер, әрқашан оның дамуы және дүниетанымында, өмірлік жағдайларды қабылдау кезінде көрінеді. Сонымен бірге даму тек білімді игеру ғана емес, ол баланың ішкі өмірінің белсенділігіне – оның әсерленушілігі, қиялы, қызығушылығы, эмоциясы, күлкі көріністерінің және т.т. стимуляциясын тудырады. Балаларға арналған ақпараттық өнімдер, оған алдымен мультфильмдер жатады, бала дамуының құралы болып табылуы мүмкін, алайда болашақта баланың психологиялық денсаулығына жағымсыз әсер етуі әбден мүмкін. Мультипликация шынайы өмір мен қиялды, музыкалық сүйемелдеу мен бейнеқатарды, сөздер мен әрекетті біріктіріп, ерекше әрекет ету кешеніне айналады, ол баланы дамыту және тәрбиелеудің тиімді құралы бола алады. Сонымен бірге өзінің контенті жағынан күмән тудыратын мультфильмдер шамадан тыс тұтынған жағдайда баланың қалыптасуына едәуір зиян келтіруі мүмкін. Әсіресе бұл нәрестелік және мектепке дейінгі жастағы балаларға қатысты. Заманауи бейне және компьютерлік өнім нарығы жыл сайын өзінің түр-түрін кеңейтіп, жас ерекшеліктің шегін ұлғайтып келеді. Бүгін бір жастағы балаларға арналған электронды тасымалдауыштағы дамыту және оқыту әдістемелері кең таралуда.

1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің мақсаты балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына тауарлардың сараптамалық қорытынды зерттеу нәтижесі болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі басты зерттеу міндеттерін шешу ұйғарылады:

- Қазақстандағы балалар өнімдері мен тауарларды бақылау және қадағалау бойынша ағымдағы жағдайды бағалау;
- қауіпті өнімдердің импортын шектеу мақсатында шаралар қабылдаудың қажеттілігін анықтау;
- балаларға арналған тауарларды таңбалау қажеттілігін анықтау (ойын, ойыншықтар);
- балаларға арналған өндіріс және тауарларды сараптама жүргізу тиімділігін бағалау (сарапшылардың пікірі бойынша);
- баланың денсаулығы мен дамуына әсер ететін тәуекелдерді алдын алуда ата-аналардың рөлін зерттеу.

Зерттеу объектісі балалардың денсаулығы мен дамуына балалар өнімдері мен тауарлардың әсер етуін бағалау, балалар өнімінің қауіпсіздігін бағалаудың белгіленген өлшемдерін, талаптары мен нормаларын айқындау.

Зерттеу пәні – балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына балаларға арналған өнімдері мен тауарлардың әсер етуі жөнінде сарапшылардың пікірі және оларды бағалау.

Зерттеу шеңберінде зерделенетін тақырып саласына қатысты сарапшылар арасында сауалнама жүргізілді. Сарапшылар ретінде тұтынушылар құқықтарын қорғау және балалар құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың, Ұлттық сараптама және сертификациялау орталығының, мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім-дамыту мекемелерінің басшылары, кәсіпқой психолог, педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлерден сұралды.

1.3 Негізгі түсініктердің интерпретациясы

Психологиялық денсаулық – бұл жеке адам өмірі шеңберінде субъективті шынайылықтың қарапайым дамуының үдерісі мен нәтижесін сипаттайтын күйі.

Психологиялық денсаулық өмір сүру үрдісінде адамның әрекет ету және дамудың қажет талабы болып табылады; индивид пен қоғамның арасындағы тұтынушылығының үйлесімін қамтамасыз ететін адамның психикалық қасиетінің динамикалық жиынтығын танытады, ол индивидтің өз өмірлік міндетін атқару бағдарының алғышарты болып табылады. Бірінші кезектен, ол адамның өз жас ерекшелігі, әлеуметтік және мәдени рөлін орындаудың талабы болып табылады, ал екінші кезектен адамның бүкіл өмірі шегінде оның үздіксіз дамуын қамтиды.

Өнімді сараптау (ақпараттық) – бұл баланың тән, эмоционалды, психикалық денсаулығына зиян келтіре алатын, сондай-ақ тұлғаның болашақта психикалық жетілуіне және дамуына жағымсыз ықпал ете алатын факторларды анықтау. Өнімді сараптаудың негізгі міндеті – балалардың қауіпсіз және ерікті даму құқығын қорғау. Сараптаманың қосымша міндеті өнімнің қандай да бір жас ерекшелік тобының даму болашағын анықтау болып табылады.

Жастарға арналған өнімдерді сараптау қажеттілігі осындай өнімге жас мөлшерін классификациялауды енгізу, ол бірінші кезекте балалар психикасының ақпараттық әсер етулерге төзбеушілік салдарынан туындайды, өйткені тұлғаның ақпаратты дұрыс қорыту және психологиялық қорғауды қамтамасыз ететін қалыптаспаған психикалық функциялар мен құрылымдармен байланысты.

Өнімнің қауіпсіздігі. Өнім барлық қауіпсіздік принциптеріне сәйкес келуі тиіс, оның ішінде тән және экологикалық қауіпсіздікті (иістің болмауы, өткір шеттердің болмауы, құрамының және бояудың беріктігі, сәйкестік сертификатының болуы). Психофизиологиялық қауіпсіздік – баланың жас ерекшелігіне сәйкестік: ойыншықтың бала параметріне шамаластық, манипуляциялау мүмкіндігі, қолдың бірдей жұмыс істей алуы, қозғалыс координациясы.

Қауіп-қатерді бағалау – өнімнің баланың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға әсер ету мүмкіндігін анықтауға бағытталған кешенді шаралар, қауіптің деңгейін анықтаумен қоса.

1.4 Зерттеу гипотезасы

Қазіргі уақытта нарық еркіндігі жасырын қауіпті қоса алып жүруіне жол береді. Жауапсыз өндірушілер мен балалар өнімін сатушылар кіріс түсіру мақсатында балаларды және жалпы ұрпақты қауіпке жетелейді.

Сапасыз балалар өнімі мен тауарлар жас тұтынушылардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін, оның ішінде тән және психологиялық денсаулығына. Аталмыш проблеманы шешу мақсатында жағдайға мониторинг жүргізіп, сапасыз тауарларды анықтау тетіктерін анықтап, олардың нарықта таратылуына шектеулер енгізу қажет.

1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі

Таңдау жиынтығының көлемі 165 сарапшыны құрайды.

Сарапшылар ретінде зерттеу барысында тұтынушылар құқықтарын қорғау және балалар құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың, Ұлттық сараптама және сертификациялау орталығының, мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім-дамыту мекемелерінің басшылары, кәсіпқой психолог, педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлер сұралды.

Ақпаратты жинау әдісі

Аталмыш зерттеудің қойылған мақсаты және міндеттерді шешу мақсатында сарапшылар арасында сауалнама жүргізу әдісі қолданды.

Сарапшылар сауалнамасы – бұл сауалнама жүргізудің бір түрі, оның барысында жауап берушілер болып белгілі салада қызмет ететін жоғары деңгейдегі мамандар – сарапшылар болып табылады. Бұл әдіс қарастырылып отырған мәселені талдау және шешуге атсалыса алатын күзіретті мамандарды қатыстыруды көздейді.

Сарапшылардың пікіралмасуы нәтижесінде қабылданатын бағалар мен шешімдердің сенімділігі өте жоғары және алынған пікірлерді жинақтау, талдау және өңдеу процедурасын ұйымдастыру және бағытталуынан едәуір байланысты. Процедураның өзі: зерттелетін жағдайды талдауды; сарапшылар тобын таңдауды; сарапшылар бағалауды өлшеу әдісін таңдауды; сарапшылар жұмысын тікелей процедурасын бағалауды; алынған деректерді талдауды талап етеді.

Аталмыш зерттеуге елдің 16 аймағынан 165 сарапшы қатысты.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің бірінші сатысының қорытындысы бойынша «Жастар» ҒЗО қызметкерлері жауап алғандардың жұмысына бақылау жүргізді (сауалнама парақтарын дұрыс толтырылуы 100% және сауалнаманың 10% телефон арқылы тексерілді). Зерттеудің бірінші деңгейінің қорытындысы бойынша

ҒЗО қызметкерлері жауап алушылардың жұмысын тексерді, сондай-ақ деректерді кодтау, енгізу және өңдеуді жүргізді.

Енгізу, бастапқы деректерді өңдеу, сондай-ақ деректер қорытындысы лицензияланған, орыс тілді SPSS компьютерлік бағдарламасының 21 нұсқасы арқылы шығарылды.

1.6 Сарапшыларды таңдау сипаттамасы

Сарапшылардың сапалық құрамы келесі мамандардан тұрады: жауап берген сарапшылар арасынан

- педагогикалық білімі бар - 45,5% (Кесте 1),
- гуманитарлық білім – 20,6%,
- техникалық білім - 15,2%.

Кесте 1

Сарапшылардың білімдері бойынша бөлінуі (%)

	%
Гуманитарлық	20,6
Заңгерлік	7,3
Педагогикалық	45,5
Техникалық	15,2
Фармацевтикалық	0,6
Медициналық	6,1
Экономикалық	4,8

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың басым көпшілігі кәсіпқой психолог, педагог, әлеуметтік қызметкер болып табылады (42,4%) (Кесте 2).

Маңыздылығы жағынан жауап берген сарапшылардың екінші санатына жататындар ата-аналар қауымдастығының, комитетінің өкілдері болып табылады (22,4%).

Кесте 2

Жауап берген сарапшылардың санаты (%)

	%
ҰЕҰ, халықаралық ұйымдар өкілдері	4,8
Ата-аналар қауымдастығының өкілдері	22,4
Кәсіпқой психолог, педагог, әлеуметтік қызметкерлер	42,4
Ұлттық сараптама және сертификациялау орталығының өкілдері	11,5
Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын мемлекеттік органдардың өкілдері	9,7
Балалардың құқықтарын қорғайтын мемлекеттік органдардың өкілдері	7,3
Мектепке дейінгі білім беру ұйымының меңгерушісі	1,2
Педиатр дәрігер	0,6

Сауалнамаға сарапшылар ретінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым, ұлттық экономика министрліктерінің мамандары (9,7%),

Ұлттық сараптама және сертификациялау орталығының өкілдері (11,5%) қатысты.

Осылайша негізінде белгіленген тақырып бойынша зерттеудің міндеттерін шешу үшін сарапшылар ретінде балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына балаларға арналған өнімдердің, тауарлардың әсер етуін бағалауға байланысты тікелей және жанама қатысы бар мамандар қатысты.

2. БАЛАЛАР ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН ЖӘНЕ АЙНАЛЫМЫН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

2.1 Балалар өнімдерінің сапасын бақылау және сараптау

Балалар өнімдерінің сапасына қатысты мәселелер өзекті болып табылады және қоғаммен бұқаралық ақпарат құралдарында бірнеше рет көтерілді. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі импортталатын балалар тауарларының сапасына деген талаптарды күшейту бойынша жұмыстар жүргізуде¹, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен балалардың денсаулығына және дамуына өнімдердің әсерін бағалау бойынша ведомствоаралық жұмыс топтары құрылды², балалар өнімдерін сертификациялау және бақылау саласындағы сарапшылар сұхбат барысында тұрғындарды, оның ішінде балаларды сапасыз және қауіпті өнімнен қорғауға қатысты алаңдататын сұрақтар жауап беруде³.

Қазақстан Балалар Тауарлар Индустриясы Қауымдастығының (КАИДТ) зерттеу деректері бойынша 2014 жылы Қазақстанның балалар тауарлар нарығы толығымен импортқа тәуелді екенін көрсеткен болатын. Сыртқы сауда-саттықтың талдауы бойынша сыртқы тауар айналымының 77,9% балалар тауарларын саудалау бойынша: Қытай (31,9%), Ресей (27,9%), Польша (9,7%), Қырғызстан (4,5%), Түркия (3,9%), басқа елдер (22,1%) құрап отыр.

Шамамен балалар өнімі нарығының 41% киім-кешек құрайды (1,3 млрд. доллар). Нарықтың ширегі – бұл кеңсе тауарлары, кітаптар (888 млн. доллар). Ойыншықтар нарықтың 16% құрайды (шамамен 0,5 млрд. доллар). 13% – тамақтандыру үшін тауарлар, балалар тағамы (334 млн. доллар). 3% – үйге, көшеге арналған тауарлар (85 млн. доллар).

КАИДТ деректері бойынша 2014 жылы Қазақстанның ортастатистикалық отбасы балалар ойыншығына жылына 20 мың теңге көлемінде қаражат жұмсаған көрінеді⁴.

Ойыншықтар өндірушілер арасында Қазақстан нарығында көшбасшылықты Қытай (бағалық нұсқасында 2015 жылдың I жарты жылдығы ішінде импорт 4,5 млрд. теңгені құрады) және Ресей (2,4 млрд.

¹ https://vlast.kz/novosti/kazahstan_hochet_uzhestochit_trebovanija_k_kachestvu_importiruemyh_detskih_tovarov-11231.html

² <http://www.bala-kkk.kz/ru/news/15405>

³ <http://www.caravan.kz/articles/detskoe-pitanie-v-kazakhstan-standarty-kontrolya-367269/>

⁴ <http://rdt-info.ru/201411108903/kaidt-rynok-detskih-tovarov-kazahstana-stremitelno-rastet.html>

теңге) бастады. Үлкен ашықтықта артта қалып, үшінші болып Еуропа елдері орналасты (104,3 млн. теңге).

Отбасы бюджетінде балалар шығындарының үлесі отбасындағы балалар санына байланысты емес екен. Отбасында 0 до 14 жасқа бір бала болса да, екі немесе үш бала болса да – ата-аналар оған (немесе оларға) шамамен кірісінің 33% жұмсайды. Бұл көрсеткіш отбасында төрт және одан көп бала болған кезде гана көбейеді.

Пайыздық сынама бойынша шығындардың шамамен жартысына жуығы балалар тауарына жұмсалады, шамамен 20% – ойын-сауыққа және түрлі демалысқа, үштен бір бөлігі – бұл баланың оқуына және дамуына жұмсалатын шығындар.

Ақшамен балалар тауарлар нарығын шамалап бағалайтын болса – бұл жылына 2,3 млрд. доллар. Сәйкесінше, егер дүниежүзілік балалар тауарлар нарығы – бұл жылына 412,2 млрд. доллар болса, онда біздің елде дүниежүзілік нарықтың 0,4% (Ресей – онда дүниежүзілік нарықтың 5%). Біздің нарықтың өсу қарқыны өте жоғары, яғни егер дүниежүзілік нарық балалар тауарының бүкіл санаттары бойынша жылына 5% өссе, қазақстандық балалар тауарларының нарығы орташа есеппен бүкіл санаттары бойынша жылына 52% өсіп келеді, сонымен кейбір санаттар бойынша өсім тіпті керемет. Себеп бірнеше: біріншісі, негізгісі – бұл жылдан жылға көлеңкелі импортпен жағдай жақсаруында, яғни егер ол «көлеңкеден» шықса, сәйкесінше, кейбір санаттар бойынша осы фактордың салдарынан өсу қарқыны өте жоғары. Келесі себеп – бұл қазақстандық нарықтың әлі толмағанын көрсетеді, сондықтан нарықта орында және өсу үшін әлеует те жеткілікті және ол едәуір.

Арзан ойыншықтарға бағаның өсуі салдарынан, мемлекет тарапынан қатаң бақылау орнатылғандықтан және бизнесті заңдастырудан кейін ойыншықтар сегментіндегі өсім – үш есе, бөлшек сату үлесі – төрт есе өсті. Жалпы балалар тауарлары бойынша ресми импорттың көлемі 2009 жылдан 3,5 есе өсті. Нарықтың заңдастырылуына Кедендік одақ айтарлықтай ықпал етті: атап айтсақ, 2011 жылы ресми импорттың көлемі 55% өсті. Жалпы Кедендік одақтың арқасында ресейлік өндірушілер тарапынан ұсыныстар үлесі едәуір өсті, сонымен бірге ресейлік дистрибьютерлерінің үлесі. Бұл ретте Кедендік одақ елдерінің импорты өскенін атап өткен жөн, жалпы ұсыныстар көлемі нарықта 23,3% құрайды.

Сонымен, негізінде балалар тауарлары нарығында бақылауды қамтамасыз ету динамикасы байқалады. Алайда нарықтың жартысы «көлеңкеде» жатқаны байқалады, бұл реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру қажеттілігі туындағанын аңғартады. Жауап берген сарапшылардың 50,3% балалар өніміне бақылау және бағалау жүргізілетінін алға тартады, бірақ бұл үрдіс одан әрі жетілдіруді және жұмыс жасауды талап ететінін көрсетеді.

Жауап берген сарапшылардың 7,3% бүгін нарыққа балалар тауарларын енгізуге бақылау әдістері қолданылады деп есептейді, олар 25-30 жыл бұрын табысты жүзеге асырылып келді (Кесте 3).

Кесте 3

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: ҚСРО өмір сүрген уақытта балаларға арналған әдебиет, мерзімдік басылымдар, фильмдер, ойындар мен ойыншықтар қатаң бақылауда болатын және бағаланатын. Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Қазақстанда балаларға арналған өнімдер мен тауарларды бақылау жағдайы қандай? (%)

	%
Қазақстан балаларға арналған өнімдерді бақылау мен бағалау бойынша кеңес дәуірінің тәжірибесін жалғастырып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар өте қатаң түрде жүргізіледі	7,3
Бүгінгі таңда елде балаларға арналған өнімдерді бағалау мен бақылауға деген қатаң талаптар жоқ	20,0
Қазақстанда балаларға арналған өнімдерді бақылау мен бағалауға талпыныстар жасалып жатыр, алайда бұл одан әрі жетілдіруді талап ететін, біртіндеп жүзеге асырылатын үдеріс	50,3
Елде балаларға арналған өнімдерді өндіру мен оны қазақстандық нарыққа енгізу бойынша ешқандай шектеулер жоқ. Бәрі балаларға арналған өнімдерді өндірушілер мен жеткізушілердің жауапкершілігіне байланысты	20,6
Балалар тауарларын бағалау және бақылау өндіріс материалдарының қауіпсіздік өлшемдері бойынша ғана жүзеге асырылады. Басқа өлшемдер бойынша, мысалы психологиялық қауіпсіздік жағынан, бақылау жүргізілмейді	0,6
Жағдайды білу үшін оны зерттеп, талдау жүргізу керек	1,2

Жауап берген сарапшылардың 20% елімізде балалар өнімін бағалау және бақылауға, мысалы ҚСРО жылдары кезінде, қатаң талап қойылмайды деп есептейді. Қосымша сауалнамаға қатысқан сарапшылардың 20,6% елімізде шектеулер қойылмаған және барлығы өндірушілер мен тауарды өткізушілердің өздерінің жауапкершілігіне байланысты деп жауап берді.

Сондықтан пікірлер бөлініп – жауап бергендердің жартысы балалар өнімін бақылау үрдісі жетілдіріліп, кеңес одағының тәжірибесін жалғастырып келеді деп есептейді. Басқалары жағдайды сыни түрде бағалайды қазақстандық балалар өнімін өндіру және нарыққа шығаруға қатаң талаптардың енгізілмегенін алға тартады.

КАИДТтің деректеріне сәйкес сараптаманың және сертификациялауды талап ету салдарынан Қазақстанда контрафактілік балалар ойыншықтарының саны едәуір азаюда. Егер 2012 жылы балалар ойыншықтарының импорттың жалпы көлемінде контрафакт үлесі 60% астам болса, ал 2013 жылы — 35% құрады. Ойыншықтарды импорттаушы

ұйымдардың алған сертификаттарының саны 2013 жылы 1781 құрады, 2014 жылы — 2044, 2015 жылдың I жарты жылдық ішінде — 1038.

Бұл орайда балалар тауарлары сараптауды дамыту өте маңызды аспектке ие болды. Еуропалық одақ елдерінде балалар тауарларының сертификациялау ережелері қатаң екені, иістерінің құрамына дейін белгіленетіні жасырын емес. Еуропалық Одақ нарығына түсетін барлық ойыншықтар, CE (CE MARKING)– ойыншықтар сертификациясы деген таңбалауды қажет етеді. Сертификациялаудан өндіруші өтеді. Сараптаманы енгізуге рұқсат беретін мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Жауап берген сарапшылардың басым көпшілігі Қазақстанда балалар тауарлары мен өнімдерін сараптамадан өткізуді мемлекеттік орган жауап беруі тиіс деп есептейді (59,1%), сондай-ақ тар шеңберлі мамандардың қатысуымен мемлекеттік органдар (Кесте 4).

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың үштен бір бөлігі, «балалар өнімін өндіруші» нұсқасын белгіледі (30,5%). Егер сараптамаға балалар өнімін өндіруші жауап беретін болса, онда біріншіден, бұл балалар өнімі нарығында бірінші жыл емес қызмет көрсететін және өз тұтынушысының сеніміне ие болған өндіруші, компания (бренд) болуы тиіс. Екіншіден, мүмкіндіктер мен материалды шығын тұрғысынан да дұрыс, өйткені өнімді сараптамадан өткізу, әдетте, өте қымбат процедура, оны ірі өндірушілер ғана өткізуге қауқарлы.

Тауарды тұтынушы өзі сараптамадан өткізуі тиіс деген сарапшылар азшылық жағында қалды –2,4%.

Сараптаманы өткізу барысында басқа пікірлер келесідей бөлінді: бір жақтан жауап берген сарапшылар сараптамаға тәуелсіз сарапшыларды немесе тәуелсіз МЕҰ қатыстыруды ұсынады. Екінші жақтан сарапшылар сараптаманы кәсіпқой құралдары мен білікті мамандары бар арнайы құрылымдар жүргізуі тиіс деп есептейді. Сонымен қатар балалар тауарлары кәсіпорындар индустриясы қауымдастығын құру туралы пікір айтылды.

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіздің ойыңызша, балаларға арналған өнімдерге, тауарларға сараптаманы кім жүргізуі қажет? (%)

	%*
Мемлекеттік орган	59,1
Өнімді өткізуші	30,5
Сауда желісінің өкілі	4,3
Сараптаманы сатып алушының өзі жүргізуі қажет	2,4
Осы салада мамандандырылған орган	2,4
Тәуелсіз сарапшылар	1,8
Аккредиттелген сынақ зертханалары, аккредиттелген сертификациялау органдары	1,8
Тар шеңбердегі мамандардың қатысуымен мемлекеттік орган органдар	1,2
Сараптамаға өнімді өндіруші жолдауы тиіс, ал сараптаманы сараптама жүргізуге лицензиясы бар зертхана немесе ұйым жүргізуі тиіс	1,2
Арнайы құрылған Қазақстан балалар Тауарлары Индустриясының қауымдастығы	0,6
Өнімді өндіруші МемСТ, стандарттар, оның ішінде ISO сәйкестік сертификаттарын ұсынуға міндетті	0,6
Тәуелсіз ҰЕҰ және өндірушілер	0,6
Кедендік одақтың қолданыстағы техникалық регламенттерінің талаптарын орындау қажет	0,6
Стандарттар бекітілуі тиіс, олар бойынша өндіруші немесе импорттаушы өнімін өндіретін болады	0,6

* жауаптар 100% құрамайды, өйткені бірқатар сарапшы жауаптың бірнеше жауап нұсқасын белгілегені анықталды

Қазақстанда балалар тағамына, балалар ойыншығының қауіпсіздігіне және олардың құрамында зиянды заттардың болмауына бақылау жүргізу бойынша тиісті жұмыс атқарылып отыр. Ойыншықтардың контентіне, олардың психологиялық денсаулыққа әсерін бақылауға байланысты жұмыс жаңа көзқарасты, жаңа ережелер мен регламенттерді талап ететіні сөзсіз.


Балалар өнімі контентін бақылау, әсіресе ақпараттық-сауық, әр уақытта өзекті мәселе болатын. Қоғамда тұтынылатын өнімдер мен тауарларға ұдайы бақылау және мониторинг енгізуді ұсынған белсенділер де болды. Және, керісінше, «жаппай» бақылауды енгізудің қарсыластары әрқашан болғаны белгілі, олар цензураға қарсы екендігін жеткізіп, ол конституциялық құқықтарды бұзу деп дауыстарын жеткізді. Нарықтық қатынастардың даму дәуірінде ешкім және еш жерде бақыланбаған өнімдер мен тауарлардың, оның ішінде балалар өнімдері өндірілгені жасырын емес, олар пайдалану жағынан шектеулерге ие болуы тиіс еді.

Бүгін балалар өнімін шектеу мәселесі өзекті болып табылады, әсіресе оның ішінде ақпараттық материалдар, ойыншықтар, мектеп құралдары және т.т.

Сарапшылардан алынған сауалнаманың қорытындысы көрсеткендей жауап бергендердің 90,2% қазіргі таңда балаларға арналған өнімдерге (ойыншық, мультфильм, кітап және т.б.) цензураны енгізу қажеттілігі туындады деп есептейді (Диаграмма 1).

Диаграмма 1

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі таңда балаларға арналған өнімдерге (ойыншық, мультфильм, кітап және т.б.) цензураның қажеттілігі бар ма? (%)



Біріншіден шектеу моделін енгізу, оның шеңберінде кез келген қате жіберген үшін немесе қолданылатын нормадан ауытқу болған кезде қатаң жазалау дұрыс болып табылмайды. Бұл жол өзінің дұрыс емес екендігін дәлелдеді және бүгін ашық қоғам жағдайында жүзеге асыру мүмкін емес. Балалар индустриясын бақылау және реттеу проблемасын «жұмсақ күш» парадигмасы шеңберінде өзге әдіспен шешуге болады.

Екінші жақтан, бүгін балалар тауарлары мен өніміне цензураны енгізуге қайта оралу туралы жиі ойлануда.

Жауап берген сарапшылардың басым көпшілігі (48,7%) цензураның енгізу қажеттілігін атап өтті, өйткені мультфильмдер, кітаптар, ойыншықтар түріндегі балалар өнімі өмірге деген қате көзқарасты қалыптастыра алады.

Сонымен қатар бүгін фильмдер, өнімдердің балалар психикасына жағымсыз әсері ғылыми түрде дәлелін таппағаны белгілі. Тек гипотеза, пікірлер мен дәлелдер жүйесі ғана бар. Қазақстанда балалар аудиториясымен жұмыс жасау саласын дамыту қажет, атап айтқанда талдау және зерттеу жұмыстарын көбірек жүргізу керек.

Сараптамалық сауалнамаға қатысқандардың 19,8% балалар өнімінің сапасын бақылау жүргізуден болашақ ұрпақтың дамуы және қалыптасуы тікелей байланысты екенін атап өтті.

Сарапшылардың үшінші аргументі – балалар денсаулығына зиян келтіретін балалар өніміне шектеу шараларын енгізу қажет, өйткені олар

балалар денсаулығына зиян келтіруі мүмкін (23,2%). Бұл орайда тек психологиялық денсаулыққа зиян келтіру мәселесін қарастырмай, тән саулығына зиян келтірілетінін қарастырған дұрыс. Қытай ойыншықтарындағы улы токсиндер туралы сөз қозғалды, немесе балалардың денсаулығына зиян келтіретін, жарақат алуға мүмкіндік туғызатын ойыншықтардың құралдары (Кесте 5).

Цензураның қажеттілігін сөз ететін қалған дәлелдер моральды орнату, рухани құндылықтарды, эстетиканы және т.т. қолдау шеңберінде қарастырылады.

Кесте 5

Балаларға арналған өнімдерге (ойыншық, мультфильм, кітап және т.б.) цензураны енгізу қажеттілігінің себептері * (%)

	%
Өмірге деген көзқарасқа жағымсыз әсер етуі	48,7
Денсаулыққа зияндылығы	23,2
Сапаны бақылауға болашақ ұрпақтың дамуы және қалыптасуы байланысты	19,8
Дұрыс моральдық құндылықтарды қалыптастыру үшін	14,1
Агрессияны ұялату	8,3
Америкалық қорқыту заттардың көп болуы	7,5
Эстетикалық тұрғыдан жағымсыз, дөрекі түр-тұрпат	5,8
Сәйкес келмейтін лексика	5,0
Ақпараттық қауіпсіздік үшін	4,9
Өндірушілер өнімге сексуалды контексті қосуы мүмкін	2,5
Сапасыз өнімнің ағымын тоқтату	2,5
Ұлтаралық жанжалды тұтату	0,8
«Жұмсақ цензураны» енгізу қажеттілігі туындады, ол өнімге байланысты және ауытқулардың деңгейіне байланысты тетіктерді нүктелі түрде қолдануға мүмкіндік берер еді	0,8

* жауаптар сарапшылардың сөздерінен жазылған

Сондықтан нарыққа жауапсыз өндірушілер мен жеткізушілер кіре алмау үшін қоғамда тиісті ережелер мен шектеулер қалыптастыру қажет. Өнімді сертификацияланған өндірушіден сатып алу қажет, ал сертификаттың болуы бірқатар ережелерге сәйкестілігі, өнім сапасының болуымен қоса.

Цензураны енгізу мәселесі қосымша зерделеуді талап етеді, өйткені кез келген жасанды формаларды, кедергілерді құру қазақстандық нарықтағы жағдайды нашарлата түседі. Балалар өнімдер, балалар ойыншықтар нарығы «көлеңкеге кетуі» мүмкін, бұл жалпы экономикалық жағдайға әсеріп етіп қоймай, атап айтсақ балалар өнімінің сапасына да әсер етеді. Отандық өндірушілерді қолдау керек, өндірушілер, жеткізушілер мен нарықтың өзге де қатысушыларына қолайлы жағдай туғызу қажет, проблемалар орнатып, қызметтерін шектетудің орнына.

Бұл орайда балалар өніміне цензура енгізуге қарсы тұрғандардың пікіріне құлақ асайық. Осыған дейін айтылып кеткендей, мұндай жауап берген сарапшылардың саны барлығы 9,8% құрайды.

Көпшілігі (46,2%) ең басты бақылау және шектеу қоятын орган болып ата-ана болуы қажет деп есептейді, ол өзі қандай да бір тауарды өзінің баласы үшін сатып алу немесе сатып алмау туралы шешім қабылдау тиіс.

Жауап берген сарапшылардың тағы 23,1% бүгін бүкіл балалар өнімі нарыққа шығар алдында жеткілікті түрде бақылаудан өткізіледі деп есептейді (Кесте 6).

Қосымша жауап бергендердің 15,4% цензураны өткізу орынсыз деп есептейді, өйткені заманауи нарықта бүкіл өнімді бақылау мүмкін емес, түр-түрі өте көлемді.

Сонымен қатар бірқатар сарапшы сыбайлас жемқорлық проблемасын жоққа шығармайды, ол нәтиженің тиімді болуына кедергі келтіріп отырады, яғни сатушылар сапасыз өнімді сату үшін мүмкіндікті де, тәсілді де санайды.

Жауап берген сарапшылардың 7,7% цензураның тіпті дұрыс шешім емес деп есептейді, олар тек сараптаманы жүргізуді қажет етеді.

Кесте 6

Балаларға арналған өнімдерге (ойыншық, мультфильм, кітап және т.б.) цензураны енгізу қажеттілігін болдырмау себептері (%)

	%
Оларды қадағалауға мүмкіндік жоқ	15,4
Әрбір ересек адам өз баласына не қажет екенін өзі шешуге міндетті және шеше алады	46,2
Баланың қызығушылығы	7,7
Қазақстанда цензураға тыйым салынған, сараптама қажет	7,7
Қазір бүкіл балалар өнімдері өндіріске енгізбес бұрын бақылаудан өткізіледі	23,1
Мемлекет	7,7
Сатушылар кез келген уақытта тексерушілермен тіл табыса алады	7,7

Сандық дәуір жағдайында ақпаратқа қол жетімділікті шектеу, оның ішінде балаларға, қиынның-қиыны екенін түсінген жөн. Тұрғындар смартфон және өзге де гаджеттерді қолданады, ол өмірді едәуір жақсартады. Электрондық құралдар білім, тәрбие берудің балалмалы құралы болуда. Жаңа ұрпақты тәрбиелеу барысында орталықтанған, монопольді рөл шеттетілуде. Жиі жастар үшін виртуалды әлемінің көшбасшылары зор беделге ие болады.

Зерттеудің маңызды сәті болған факт сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі балалар тауарларына сараптама жүргізуге құқықтары бар аккредиттелген ұйымдарды атай алмағандығы (65,5%) атап өту керек. Жауап берген сарапшылардың 4,2% Қазақстанда мұндай ұйым мүлдем жоқ деп жауап берді.

Балалар өнімдеріне сараптама жүргізуге құқықтары бар аккредиттелген ұйымдарды атаған сарапшылар сараптама және сертификациялау орталығы (12,1%), Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (3,6%), «ҚР ҰЭМ ТҚҚА Ұлттық тәуелсіз сараптама орталығы МРК (2,2%) әрекет ететіндерін алға тартты (Кесте 7).

Сонымен қатар кейбіреуі Қазақстан балалар тауарлары индустриясының қауымдастығы, Астана тест, Тағамтану институты, Денсаулық сақтау министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі және басқа да атауларды атап өтті.

Кесте 7

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Қазақстанда балаларға арналған тауарлар мен өнімдерге сараптама жүргізуге құқығы бар қандай аккредиттелген ұйымдарды білесіз?* (%)

	%
Сараптама және сертификациялау орталығы	12,1
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті	3,6
ҚР ҰЭМ ТҚҚА Ұлттық тәуелсіз сараптама орталығы МРК	2,2
Санитарлық-эпидемиологиялық станциялар	2,9
Ұлттық сараптама АҚ БҚФ БҚО өнімдер мен қызметтерді сертификациялау бойынша орган	2,9
Қазақстан балалар тауарлары индустриясының қауымдастығы	1,4
Астана тест	1,4
Басқа («Қарақат» ойыншықтар дүкені, ШҚО бойынша Санэпидсараптама орталығы ШЖҚ РМК, «Консультант» сарапшы орталығы, Кеңес одағында бұл функцияны ойыншықтар ВНИИ атқарды, Денсаулық сақтау министрлігі, балалар құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың өкілдері, Тағамтану институты, Ұлттық экономика министрлігі, сәйкестілікті растау жөніндегі аккредиттелген ұйымдар)	6,3
Есімде жоқ	1,4
ЕЭК сайтында бүкіл ұйымдардың тізімі бар	0,7
Ондай ұйымдар Қазақстанда жоқ	4,2
Ешбір ұйым маған таныс емес	65,5

* жауаптар сарапшылардың сөздерінен жазылған

Сондықтан сарапшылар арасында балалар өнімдеріне сараптама жүргізе алатындар туралы ақпараттан бейхабар болғандар да болды. Қоғамда бақылау қалай жүргізіледі, әрекет ету алгоритмі және қандай өнім сапалы болып табылады, қайсысы қосымша сараптамалық зерттеуді және бақылауды талап етеді, егер балаға сапасыз тауар сатып алған жағдайда қандай органдарға жүгіну керек және т.т.

Балалар өнімін бағалау кәсіпқой және білікті жүргізілуі тиіс, сонымен бірге ашық және қол жетімді болуы керек.

2.2 Балалар өнімін бағалау және бақылау жөніндегі құрылымдар

Сонымен, балалар өніміне бақылауды күшейту қажет екені айқындалады. Сарапшылар мұнда негізгі рөлді мемлекет атқаруы тиіс деп есептейді. Жауап берген сарапшылардың жартысынан көбі (52,1%) мемлекеттік сараптама және сертификациялау органдары бұл іспен жылдам және сапалы түрде өткізеді деп санайды. Қосымша жауап берген сарапшылардың 21,2% мемлекеттің қатысуы бар коммерциялық органдар бұл істі тындыра алады деп есептейді (Кесте 8).

Коммерциялық, жеке меншік сараптама және сертификациялау құрылымдарын сенімді және сапалы орындаушылар деп сарапшылардың аздық үлесі санайды (9,1%).

Сонымен қатар балалар өнімін бағалау және бақылау ісіне үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыру керек деген ұсыныстар да айтылды, бірақ осындай жауап бергендер айтарлықтай аздық үлесті құрады (2,4%).

Кесте 8

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіздің пікіріңіз бойынша, бағалау мен бақылау бойынша қандай ұйым сараптаманы бәрінен жылдам, сапалы әрі сенімді жүргізеді? (%)

	%
Мемлекеттік сараптама және сертификация органдары	52,1
Мемлекеттің қатысуы бар коммерциялық органдар	21,2
Коммерциялық, жеке сараптама және сертификация органдары	9,1
МЕҰ және азаматтық қоғам сарапшыларының қатысуымен мемлекеттік ұйым; мемлекеттің қолдауымен МЕҰ	2,4
Тәуелсіз сарапшылар	1,2
Басқа («Балаларды ақпараттан қорғау туралы» Заңы, олардың денсаулығына зиян келтіретін, аккредиттелген органдар және т.т.)	3,0
Ұйымның түрі сараптаманың тиімділігіне әсер етпейді	10,9

Жауап берген сарапшылардың 10,9% ұйымның түрі балалар өніміне бағалау және бақылау жүргізудің тиімділігіне ықпал ете алмайды деп жауап берді. Бұл ретте ұйымның және оның қызметкерлерінің кәсіпқойлығы және күзiреттiлiгi маңызды.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік сараптама және сертификациялау органдарының еншісіне берілген негізгі аргумент бақылау үшін мүмкіндіктердің және ресурстардың болуы (25,7%), мемлекеттің міндеті (18,0%), мемлекеттік органдардың күзiреттiлiгi жоғары, оның ішінде олар елдегі нормалар мен заңдарды жақсы біледі (17,6%) және сапа белгісі және МемСТ беретін қауымдастықтар (16,7%) деп көрсетіп отыр (Кесте 9).

Сіздің пікіріңіз бойынша, бағалау мен бақылау бойынша қандай ұйым сараптаманы бәрінен жылдам, сапалы әрі сенімді жүргізеді?

**Және неліктен? – САРАПТАМА ЖӘНЕ СЕРТИФИКАЦИЯЛАУ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР**

	%
Мүмкіндіктің болуы және бақылау ресурстары	25,7
Бұл мемлекеттің міндеті (мемлекет сараптаманың тиімді және сапалы болуына мүдделі болуы тиіс, салауатты ұлт болуына бірінші кезекте мүдделі)	18,0
Мемлекеттік органдардың құзіреттілігі жоғары, олар елдегі нормалар мен заңдарды жақсы біледі	17,6
Сапа белгісі, МемСТ	16,7
Материалдық қолдау, жақсы материалдық жабдықталу, мемлекеттің зертханалары мен мамандары бар	14,5
Мемлекеттік органдарға сенім көбірек	12,2
Біреудің мүдделері қорғалмауы және сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеуі үшін	10,8
Жұмыс тәжірибесі бар	9,5
Тез атқарады	5,5
Балалар өнімін сараптауға бақылау бойынша ескі ережелерді енгізу керек	2,7
Өйткені олар үшінші тәуелсіз тарап болып табылады	1,8

Басқа жағынан жағдай кейбір өзгерістерді талап етіп отыр. Мемлекеттік органдар бүгін мемлекеттік қызметтерді орындау үшін тең түрде жеке меншік құрылымдармен бәсекеге түсіп отыр. Бәсекелестік және нарықтық жағдайлар сарапшылық және үкіметтік емес ұйымдардан үлкен дайындықты және құзыреттілікті, кәсіпқойлықты талап етеді. Мемлекеттік органдар әкімшілік жұмысты жүргізуге, саяси ұстанымдарға сәйкес саланы қолдауға жауап береді. Сарапшылық-талдау функцияларын әлемде аутсорсингке берілетіні белгілі. Сарапшылық орталықтарды қалыптастыру және дамыту жұмысын жалғастыру қажет.

Мемлекеттік орган мүдделі тарап болып есептеледі, ол белгілі жеткізуші компаниялардың есесіне лоббистік қызметті атқара алады. Жеке меншік құрылымдар, егер бұл ұдайы қызмет ететін, негізгі қызмет түрінде сараптама жүргізу болатын кәсіпқой құрылым болса, үдерісті мөлдір және демократиялық етіп жасауы мүмкін.

Коммерциялық сараптама органдарының есесіне берілген негізгі аргумент – ол тәуелсіздік және қасақана еместік – 41,7%. Бұл тәуелсіздік, клиенттердің келуіне, мамандарды тартуға мүдделілік, жұмысты атқаруға мүдделілік және сонымен бірге табыс табу. Сондықтан жеке меншік құрылымдар өз жұмыстарын қысқа мерзім ішінде атқарады (Кесте 10).

Сіздің пікіріңіз бойынша, бағалау мен бақылау бойынша қандай ұйым сараптаманы бәрінен жылдам, сапалы әрі сенімді жүргізеді?

Және неліктен? – КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖЕКЕ МЕНШІК САРАПТАМА ОРГАНДАРЫ

	%
Тәуелсіздік және қасақана еместік	41,7
Кіріс табуға мүдделілік	28,9
Олардың мамандары бар	25,0
Басқа <i>(клиенттерді тартуға мүдделі, балаларға арналған тауарлар, олар көбіне біздің елге сырттан келеді, алдымен, назардың болғанын қалайды; бүгінгі күні аталған экономика секторын «сауаттандыруға» аз істелінген жоқ, коммерциялық ұйымдар тез арада бағалайды және сапалы өткізеді, бұл қызмет нарыққа тапсырылған)</i>	23,3

Мемлекеттің қатысуымен коммерциялық органдар, жауап берген сарапшылардың 21,2% белгілегенін естеріңізге салсақ, бірінші кезекте жұмысты өздерінің күштері бірлескеніне қарай жұмыстың тиімді болатынына сенім артады. Жалпы жұмыс үдерісі, сарапшылардың пікірінше, коммерциялық органдар жұмысты атақарып, мемлекеттік – бақылауды жүргізіп құрылуы тиіс.

Сіздің пікіріңіз бойынша, бағалау мен бақылау бойынша қандай ұйым сараптаманы бәрінен жылдам, сапалы әрі сенімді жүргізеді?

Және неліктен? –МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ САРАПТАМА

	%
Бірлескен жұмыстың тиімділігі	38,5
Коммерциялық органдардың жеке мүдделілігі	30,8
Коммерциялық орындауы тиіс, ал мемлекет бақылау жүргізеді	30,8
Мемлекеттің белсенді ықпалы	7,7
Бәсекеге қабілетті жабдықталған коммерциялық ұйымдар атқарады, ал мемлекет бақылау жүргізеді	7,7
Сыбайлас жемқорлық жойылған	7,7
Мемлекет өнімнің сапалы болғанын қалайды	3,8
Бағалау дайын өнім қоймасына қабылдау кезінде жүзеге асырылып, тұтынушыға жөнелту кезінде атқару	3,8

Балалар өніміне байланысты жағдайда сарапшылар қатаң шешімдер қажеттілігімен келіседі. Балалар – ерекше тұтынушы топ, оның өз құқықтарын қорғауда мүмкіндіктері шектеулі. Бұл әсіресе ерте балалық шаққа қатысты. Жеткіншектердің де өз ерекшелігі бар. Мұның барлығы жас ерекшелік психологиясымен, сондай-ақ азаматтық жауапкершілікке тартылу нормаларымен байланысты. Алайда, кей кездері ересек адамдардың қамқорлығысыз дербес тұтынушылар есебінде балалардың құқықтарын

қорғай алатын қағидалар болуы керек. Бұл дүниежүзіндегі жалпы қабылданған норма.

Бұл жағдайда сарапшылар егер бизнеске тауарлардың жеке түрлерін сатқан жағдайда оған шектеулер қолданылатын болса дұрыс деп есептейді. Сарапшылардың көп бөлігі (62,4%) бұл адам құқықтарын және кәсіпкерлік қызметінің еркіндігін бұзбайды деп санайды. Сонымен бірге, сарапшылар сауалнамасына жауап берген қатысушылардың (30,9%) балалар құқықтарын қорғау игілігі үшін бизнес құқықтары бұзылуы мүмкін деп күмәнданады.

Кесте 12

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіздің пікіріңіз бойынша, кейбір балаларға арналған өнімдерді сатуға тыйым салу азаматтардың құқығын бұзуы мүмкін бе, мысалы, тандау құқығын немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын? (%)

	%
Жоқ	62,4
Иә	30,9
Басқа (мүмкін, компромиске келуге болатын шығар, заң бойынша иә, бірақ егер өнім стандартқа сай болмаса, онда тыйым салу қажет, егер бақылау жүргізетін ұйымдар өнімнің стандартқа сай емес екен деп қорытынды шығарса, тыйым салу туралы процедура және шешім максималды түрде ашық болуы керек)	6,9

2.3 Қауіпті өнімдерді енгізуге шектеу үшін қажет шаралар

Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын қорғау – мемлекеттің басты стратегиялық міндеті, себебі ересек адамдар денсаулығының фундаменти тұрғындардың бала кезінде қалыптастырылады. Мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуының әлеуеті, тұрғындарының жоғары өмір деңгейі, ғылым мен мәдениеттің даму деңгейі балалардың бүгінгі денсаулығының нәтижесі болып табылады.

Балаларды сапасыз өнімнен қауіпсіздендіру үшін тиімді шаралар қолданып, заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіріп, ата-аналар, педагогтар, психологтармен мақсатты түрде жұмыс жүргізіп, оларға оқыту бағдарламаларын құру қажет және т.б.

Сауалнама жүргізу барысында сарапшыларға балаларға арналған өнімді сараптамадан өткізуді өндірушілердің өз есебінен өткізуге міндеттеудің қажеттілігі бар ма деген сұрақ қойылды. Нәтижелері көрсеткендей сарапшылардың көпшілігі жалпы өндірушілер өз есебінен сараптамадан өткізіп, өнімнің сапасына өздері жауап беру идеяны қолдап отыр. Біріншіден, жауап берген сарапшылардың 44,2% егер өндірушілер өз өніміне жауап беретін болса, оның ішінде материалдық жауапкершілікті, онда сапасыз және қауіпті балалар өніміне шектеу қою мүмкіндігі болар еді деп есептейді. Екіншіден, жауап бергендердің ширегінен көбі (26,1%)

өндірушінің өз есебінен сараптама жүргізу өндірушінің өз мүддесіне жақын деп есептейді. Сондықтан өндіруші адал және сапалы тауар өндірушісі ретінде өзіне жарнама жасайды (Кесте 13).

Кесте 13

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіз қалай ойлайсыз, балаларға арналған өнімдерді сараптамадан өткізуді өндірушілердің өз есебінен өткізуге міндеттеудің қажеттілігі бар ма? (%)

	%
Иә, өйткені өндірушілер нарыққа сапасыз және қауіпті өнім шығаратын болады	44,2
Иә, бұл өндірушілердің өз мүддесінде, олардың өнімді сатуы мен нарықта танымал болуы осыған байланысты	26,1
Жоқ, сараптаманы тәуелсіз органдар жүргізуі қажет	12,1
Жоқ, сараптаманы тек қана мемлекеттік органдар жүргізуі тиіс	18,8
Басқа (МЕҰ және жалпы азаматтық қоғам сарапшыларының қатысуымен, көпсатылы, алдымен өндірушілердің өздері, содан кейін тәуелсіз органдар мен мемлекет өткізулері тиіс)	1,2
Иә, бірақ бұл сараптаманы мемлекеттік органдар растауы тиіс, мүмкін, егер мемлекеттік стандарттар шығарылса, мемлекеттің қолдауымен тәуелсіз органдар	3,0

Басқа жағынан, тауарды сараптамадан өткізуге жұмсалатын қосымша каражат тауардың негізгі бағасына ықпал етуі мүмкін. Қазақстан тауары арзан баға есебінен ұтып отыр, өйткені сапасы жағынан бәсекеге қабілетті деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Бұл орайда сараптамаға жұмсалатын шығынды жай өндірушіге міндеттеу әзірше дұрыс емес. Ресей Федерациясында, мысалы, балалар тауарларын шығаратын өндірушілер қосымша бағаға төленетін салықты 17% дан 12% дейін аз төлейді. Сондықтан бизнестің бағалауға ерікті түрде баруға мүдделі болу керек, жай бұл үрдісті тек имитациялаудан бұрын.

Бала бақшаларды сертификациялау бөлігінде Сингапурдың тәжірибесі өте қызық. Мектепке дейінгі білім, әдетте міндетті емес болып келеді, мемлекет тек тұрғындарға өз балаларын мектепке дейінгі кезеңде өздері оқытуға мүдделі болуына жағдай жасайды. Атап айтсақ Сингапурдың Білім беру министрлігі мектепке дейінгі мекемелердің білім бағдарламаларын реттемейді. Алайда мектепке дейінгі мекемелер арасында SPARK (Singapore Pre-School Accreditation Framework) қызмет сапасын бағалау жүйесі енгізілген. Оны өту – мектепке дейінгі мекемелер үшін ерікті іс, оның нәтижесі бойынша 3 жылға жарамды сапа сертификаты беріледі. Ол ата-аналар үшін болашақта мектепке дейінгі білім мекемесін таңдау кезінде керек бағдар болып табылады.

Дәл осылай сараптамадан өтеді. Егер өндірушінің сертификаты болса, онда оның өніміне сенім көбірек болады. Мемлекет осындай ұстанымды

ынталандырып, нарықтағы барлық қатысушылар үшін жалпыға бірдей қағидалар орнатуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері бойынша қауіпті өнімді енгізуге қарсы әрекет етудің ең тиімді шаралардың бірі сарапшылар жоғары айыппұлдар белгілеу (27,3%) және арнайы орган мен компания басшыларын қылмыстық жауапкершілікке тарту деп есептейді (27,9%). Өндірушілерді қылмыстық жауапкершілікке тартуды да тиімді инструмент деп сарапшылардың 23,0% санайды, алайда, осындай шараларды қолданумен әуестенуге болмайтыны түсінікті. Қазақстан үшін бүгін өндірісті көбейту, тікелей өндірушілер және компаниялармен байланысты күшейту маңызды. Бұл ретте елдің нарығына ешбір делдалсыз брэнд компаниялардың кірігуі тиіс (Кесте 14).

Соңғы шара ретінде тәркілеу және кәсіпкерлік қызметімен айналысу құқығынан айыру болып табылады.

Кесте 14

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіздің пікіріңізше, қазақстандық нарыққа балаларға арналған сапасыз әрі қауіпті өнімдерді енгізуге шектеу қою үшін, қандай шаралар барынша тиімді болады? (%)

	%
Орган басшылары мен сарапшыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту	27,9
Жоғары айыппұлдар белгілеу	27,3
Өндірушілерді қылмыстық жауапкершілікке тарту	23,0
Өнімдер мен барлық құрылғыларды тәркілеу	20,0
Қандай да бір кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығынан айыру	18,2
Басқа (шекара арқылы енгізу барысында бақылауды күшейту, сату кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар ұдайы бақылау жүргізіп отыруы тиіс, <i>уақытша жеткізушілерді және осы өнімді шығарумен арнайы шұғылданбайтын жеткізушілерді назарда ұстау, ақпаратты сатушылар мен ата-аналарға дейін жеткізу</i>)	3,6

Сараптамалық сауалнама балалар өнімінің айналымына қатаңдатылған бақылау қағидаларын енгізу үшін бүгін жағдайдың пісіп-жетіліп тұрғанын көрсетті. Жауап бергендердің басым көпшілігі (77,6%) сапасыз және зиянды өнімнен қорғалу үшін балалар тауарларына таңбалауды енгізуді қолдайды (Кесте 15).

Осындай сәйкестік таңбаларын өнімді бағалау және сапаны бақылау саласында құзіретті сертификациялауды жүргізетін органдар немесе басқа ұйымдар береді. Мысалы, Германияда осындай топты таңбалаудың кең таралған белгісі «СБ» («қауіпсіздігі тексерілді») болып табылады, ол өнімнің қауіпсіздігін неміс нормаларға сәйкестілігін растайды. Еуропалық одақ елдерінде біртұтас сәйкестілік таңбасы ретінде «СЕ» белгісі қабылданған. Бұл таңба Еуропалық одақтың бүкіл тиісті тауардың қауіпсіздік жөніндегі міндетті ұстанымдарына сәйкестілігін растайды

(мысалы, ЕО тиісті негізгі директиваларының талаптарына сәйкестілігін анықтайды). ЕО директивалары сәйкестілік бағалау процедураларының негіздеріне енгізілуі тиіс бағалаудың көлемін немесе қатаңдылығын бекітеді. Бағалау, аккредиттеу және сертификациялау Еуропалық DIN EN 45000 сериясының нормаларына негізделеді. Еуропалық нормаларға сәйкестілік процедурасы өнімді шығаратын өндірушімен де, ЕО уәкілетті ұйымдарымен де жүргізіледі. Соңғысында таңбаға қосымша бағалау сәйкестілігін жүргізген ұйымның эмблемасы беріліп, толықтырылады.

Кесте 15

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Балалардың психикалық, моральдық денсаулығына ықпал етуі мүмкін кейбір балаларға арналған тауарларға (ойындар, ойыншықтар, бейнеойындар) таңбалау енгізу қажеттілігі бар ма? (%)

	%
Иә, қажет, себебі тауарларды таңбалау балаларды зиянды әсерден қорғайды	77,6
Иә, балаларға арналған тауарларды таңбалау қажет, бірақ бұл өте қомақты шығынды қажет етеді	6,7
Балаларға арналған тауарларды таңбалаудың қажеттілігі жоқ, ата-аналар тауарларды саналы және тиімді түрде таңдайды	12,7
Жалпы зиянды тауарды енгізуге болмайды	2,4
Таңбалау қажет, бірақ ол онсыз да қымбат тауарды одан сайын қымбататып жібереді	0,6

Сонымен қатар жауап берген сарапшылардың 6,7% балалар тауарларын таңбалауды тым шығынды шара деп есептейді. Қазіргі уақытта таңбалау туралы дискуссия белсенді жүргізілуде, әсіресе жеңіл өнеркәсіп жүйесіне қатысты бөлігінде.

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың шамамен 12,7% таңбалаудың қажеттілігі шамалы деп айтып отыр, өйткені ата-аналар арзан, мейлі контрафактілік тауар болсын, бірақ қолжетімді тауарды сатып алу үшін саналы түрде таңдайды. Алайда, құқықтық мәдениеттің төмендігінен ата-аналар балалар тауарының сапасы және оның қасиеттері туралы бейхабар болуын атап өткен дұрыс.

Отандық ойыншықтар өндірісін дамыту қажет, ол бізге сенімді және сапалы тауарды қамтамасыз етеді. Басқа қиындық туындауы мүмкін – сапаның жаңа стандарттарын, таңбалауды, сараптама жүргізуді тек ірі өндірушілер мен жеткізушілер ғана жасауы мүмкін. Шағын және орта бизнес қиындықтарға тап болады, ірі бизнес пен ШОБ арасындағы бәсекеге қабілеттілікті қысқарту үшін жағдай туғызады, бұл қазақстандық кәсіпкерліктің дамуына жағымсыз ықпал етеді.

Тауарларды қаптауға және таңбалауға қойылатын талаптар тарифтік емес барьерге жатады, олар заманауи жағдайда кең тұтынуға мүмкіндік алады. Көптеген елдерде импортталатын тауарлардың қаптамасына күрделі

ұлттық талаптар жүйесін әзірлеген. Олар тауарды таңбалау қамтитын ақпараттың көлемін, мөлшерін, формасына қатысты. Импортталатын тауардың қаптамасы мен таңбалануы импорттаушы-елде қабылданған нормалар мен талаптарына толық сәйкес келуі тиіс болғандықтан экспорттаушыға тарапқа жоғарыда тізбектелген талаптарды орындау үшін қосымша шығындарға ұшырау және уақыт жұмсауға тура келеді. Тауарды қаптау мен таңбалау ұлттық талаптарын орындауға жұмсалатын шығындар тауардың сату бағасын көтереді.

Талаптар әртүрлі болуы мүмкін, мысалы:

- екі тілдегі міндетті таңбалау (мысалы, Канада, Финляндия);
- алдын ала қапталған тауарларды қаптау және көлем стандарттарын реттеу (мысалы, Канада);
- жеміс-жидек, шоколад және басқа тауарлардың қапталуына қосымша талаптар (мысалы, Австрия).

2.4 Балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымды және жағымсыз әсерін бағалау

Реттеу жүйесі ақпараттық сала үшін де жүзеге асырылады.

Балаларға арналған туындылардың психологиялық сараптамасы кейіпкердің «зиян» әрекеттерінің болуында емес және оның этикалық тұрғыдан бағалау емес (ол, әрине, қажет). Бұл мәселе көбінесе кең тараған, өйткені туындының балалар жас ерекшеліктеріне сәйкестілігімен байланысты бірқатар мәселелерді қамтиды. Сонымен бірге әңгіме мұнда кітаптың немесе фильмнің көркемдігін бағалау туралы емес, олардың формасы мен мазмұнының қандай да бір жастағы баланың *психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестілігін* бағалау туралы. Әсіресе осындай сараптама мектепке дейінгі жастағы (3–7 жас) балалар үшін өзекті болып табылады. Бұл кезде әлем туралы негізгі түсініктер, бастапқы эстетикалық және этикалық инстанциялар, өз-өзіне және өзге адамдарға деген көзқарас қалыптаса бастайды. Көркем әсерлер осы тұлғалық негіздердің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Сонымен бірге бұл психологиялық дамудың ең белсенді кезеңі, әр жыл қабылдау, ойлау, сана сезімнің және т.т. спецификалық ерекшеліктермен өзгеріске ұшырап отырады.

Баланың тілі мен тілдесу қабілеті дамыған үш жастан кейін қиял, ойын және т.т. мектепке дейінгі жастағы өзгерістер пайда болады, көркем мәтінді толықтай қабылдау мүмкіндігі артады. Осы кезден бастап мультфильмдер кітаптармен бірге баланың өміріне енуі мүмкін және енуі тиіс, өйткені көркем мәтінді қабылдау қабілетін дамуына амплифицирленген әсер етуі мүмкін.

Сарапшылар көрсеткендей балаларға арналған қазіргі ақпараттық өнім көп жағдайда жағымсыз әсер етеді. Жауап берген сарапшылардың 57% деп

соңғы 3 ай ішінде оларға балалардың психологиялық денсаулығына жағымсыз әсер ететін ақпараттық өнімдерді кезіктіргендерін белгіледі. Сәйкесінше сарапшылардың аздығы (43%) балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымсыз әсер ететін ақпараттық өніммен кезікпегенін алға тартады (Диаграмма 2).

Диаграмма 2

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Соңғы үш ай көлемінде, Сіздің пікіріңізше балалардың психологиялық денсаулығына жағымсыз әсер ететін, ақпараттық өнім (мысалы, телебағдарлама, мультфильм, бейнеролик және т.б.) көрдіңіз бе? (%)



Ақпараттық өнімнің балалардың санасына психология, эмоция, стереотипизация деңгейінде әсер ететінін түсіндіретін нақты зерттеулер жоқтың қасы. Олар көбіне саясатандырылған және бірден батыс өнімдеріне теріс көзқарасты білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда ақпараттық саланың балалар санасына әсер етуін зерттеу – бұл пәнаралық сала болғандықтан түрлі мамандардың қатысуын талап етеді.

Анимациялық өнім балалар қауымына заманауи тенденцияларға тезірек бейімделуге көмектеседі. Мультфильмдердің теріс ықпалы көбіне даулы, мысалы, агрессиялық картиналардың немесе мәтінінде жасырын сексуалдылық бейнеленген картиналар бөлігінде. Атап айтсақ, батыс анимациялық фильмдері ерлер мен әйелдер тепе-тең серіктес болып саналатын сезімді қалыптастырады.

Мектепке дейінгі және кіші жастағы балалардың психологиясы телевизия мен мультипликацияның ықпал етуіне назарды аудармай сана сезімнің қалыптасуын, әлемді түсіну, қоршаған тіршілікті қарастырып, зерттейді.

Негізінен мультипликация анимацияның талдау табиғатынан нақты шындықты және қиялды, музыкалық сүйемелдеу мен «бейнеудің» өзін біріктіреді және тұтас педагогикалық тәрбиелік кешенді құрайды. Алайда, кей мультфильмдер көтеріңкі эмоцияны, сүйікті кейіпкерлерге еліктеу толқынын туғызады және бала тұлғасының жағымды сезімдерін

қалыптастырады, ал басқасы балалардың бойына агрессияны ұялатып, нағыз зиян келтіреді.

Мультфильмдердің балалық тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету туралы екі көзқарас бар: оптимистік (мультфильм – бұл педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін кең сала), және пессимистік көзқарас (мультфильмдер баланың қалыптасуына зиян келтіреді). Шешімі тәрбиелік идеяны және «зиян келтірме» тиісті формуласын баланың бойында нақты бір қасиеттерді қалыптастыру үшін мультипликацияны дұрыс және тиімді қолдану қажет. Бұл жағдайда әрбір ата-ана мультфильмнің ықпалы баланың да, ересектің де үміттерін алдауы мүмкін екенін түсінуі тиіс. Сондықтан ата-анаға төменде көрсетілгендерге назар аударып отыруы қажет:

- қандай жас мөлшеріне әзірленген мультфильм?
- мультфильм нақты бір баланың мүддесіне және психологиясына сәйкес пе?
- мультфильмнің эстетикалық және этикалық тұрғысынан толтырылуы қаншалықты?

Зерттеу барысында сарапшылардың есіне үш ай көлемінде олардың пікірінше балалардың психологиялық дамуына жағымсыз әсер ететін ақпараттық өнімді көрсеңіз, онда ақпараттық өнімнің атауын атау сұралған болатын. Жауап бергендердің жарты бөлігі (49,5%) шетел мультфильмдерін атады, атап айтсақ «Спанч Боб», «Симпсондар», «Южный парк» және т.б.

Жеке монстрлар туралы мультфильмдер – 20,9%.

Аздық үлеске ие болған сарапшылар ресейлік өндірушілердің өнімдерін белгіледі– 12,1% (Кесте 16).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Егер соңғы үш ай көлемінде балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымсыз әсер ететін ақпараттық өнімді көрсеніз, онда телебағдарлама, бейнероликтің, мультфильмнің атауын атаңызшы?

	%
Шетел балалар фильмдері мен мультфильмдері («Хлебоутки», «Симпсондар», «Грифиндер», «Спанч Боб», «Смурфики», «Том мен Джерри», «Южный парк», «Футурама», «Дядя деда», «Тимон мен пумба», «Котопес»)	49,5
Монстрлар туралы («Пришельцы») мультфильмдер	20,9
Cartoon Network	18,7
Nickelodeon телеарнасы	13,2
Ресей мультфильмдері және арналары («Маша мен аю», «Машаның ертегілері», 2*2 арнасы)	12,1
Мультфильм аниме («Бакуган», «Бен-10», InuYasha»)	9,9
Youtubemaғы бейнероликтер	9,9
Компьютерлік ойындар («Warcraft», «GTA», «Counter Strike», «Слендермен», «Five Night At Freddy's»)	7,7
Роботтар, трансформерлер туралы мультфильмдер	5,5
Worlddisney мультфильмдер	3,3
Перизаттар туралы («Винкс») мультфильмдер	3,3
Қарулы адамдарды, қарсыласын өлтіргенін көрсететін мультфильмдер	2,2
Балапан	1,1
Фэнтэзи кітаптар	1,1

Батыс мультфильмдерінде жиі оларға стереотиптерден алшақ болып, өмірде өз жолын дербес табуға және табысты болуға қол жеткізу, қоршағандардың пікірімен келіспеушілік бағдарын ұстану көзделетіні байқалады. Жаңа ұрпақ екінші сапта жақсы бейнеленген, жарқыраған, бояуланған және динамикалық фильмдерді таңдайды. Осындай контекстте «Простоквашино» сынды кеңес классикасының өзі жеңіліс табады. Мысалы, екінші сапта жапырақтардың ағаштарда қозғалған кезде оның көлеңкесі болғанын қалау орынды.

Аудитория дәл осыны қалайды, жасанды шығарылатын типаждарда өздерін таниды, экранда болып жатқаннан өз өмірін тани бастайды және осылар арқылы тіршілік сұрақтарына жауаптарын табады.

Сарапшылық сауалнаманың қорытындысы бойынша бүгін осындай балалар тауарларына, ойыншықтары мен ойындарына, мультфильмдері мен бейнероликтеріне назар аудару қажет. Жауап берушілердің көпшілігі белгіленген өнім бойынша сараптама сапасыз жүргізілді немесе мүлдем жүргізілмеген деп есептейді. Атап айтсақ, жауап берген сарапшылардың жартысынан көбі ойыншықтар мен ойындардың сараптамасы сапасыз жүргізілген (54,1%) тағы жауап бергендердің ширегі сараптама жүргізілмейді деп есептейді (24,8%) (Кесте 17).

Кесте 17

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда балаларға арналған тауарларға, өнімдерге сараптама қаншалықты сапалы әрі тиімді жүргізіледі? (%)

	Сапалы	Сапасыз	Сараптама жүргізілмейді
Тағам, шырындар	65,0	29,9	5,1
Ойыншықтар, ойындар	21,0	54,1	24,8
Киім-кешек	33,5	34,8	31,6
Мультфильмдер, бейнероликтер	21,4	40,9	37,7
Мектеп құралдары, кеңсе заттары	42,1	35,8	22,0
Кітаптар, журналдар, басқа баспа өнімдері	42,9	33,8	23,4

Кесте 18

Сарапшылардың балалар өнімдерінің түрлісіне сараптаманың тиімділігі мен сапалылығы жөніндегі түсіндірмелер*

Өнім	Түсіндірмелер
Тағам, шырындар	Жүргізеді, бірақ кепілдеме жоқ Жүргізеді, бірақ барлық өнімде емес Қатаң сараптама жүргізу керек Қанағаттанарлық Мерзімі өтіп кеткен Ресейде өндірілетін балалар тағамының құрамында қанттың мөлшері шамадан тыс болады
Ойыншықтар, ойындар	Қытайлық ойыншықтар сапасыз Біздің нарықта сапасыз өнімдердің саны анағұрлым көп Өндірушіге байланысты Сараптамадан басым көпшілігі өтпейді Басқа елдерден енгізілген ойыншықтар өте көп, біз оның сапасын білмейміз Дүкендер мен базарларда улы ойыншықтар
Киім-кешек	Өндірушіге байланысты Орташа немесе төмен бағамен сатылатын киімге бақылау жүргізілмейді Киімді біздің өндірушілер шығарады Сараптамадан басым көпшілігі өтпейді Дүкендер мен базарларда сапасыз киім Улы аяқ киім

Өнім	Түсіндірмелер
Мультфильмдер, бейнероликтер	Карусель мультфильмдері Мультфильмдерге сараптама жасалмайды Шетел мультфильмдері Кейбір телеарналарды жауып тастау керек Сапасыз өнімдер тым көп Жас мөлшеріне қарай шектеу керек Мультфильмдер мен бейнеойындар еш шектеусіз барлық балалардың қолдарына жетті
Мектеп құралдары, кеңсе заттары	Өндірушіге байланысты Мұнда бастысы сапа емес, оның тауарлық түрі Барлық тауар Қытайдан әкелінеді, олар сараптамадан мүлдем өткізілмейді Сертификациядан көбісі өтпейді Білмеймін, мүмкін сараптамаға жататын тауарды тізімге енгізу керек Нарық сараптамадан өзі өткізеді, таңдауды жақсыдан жақсысы таңдалып алынады, бағасы жағынан да Эмо суреті бүкіл мектеп құралдарында болуы
Кітаптар, журналдар, басқа баспа өнімдері	Өндірушіге байланысты ЭМО суреті

* жауаптар сарапшылардың сөздерінен жазылды

Зерттеу барысында сарапшылар балалар өнімдерінің жеке санаттары бойынша жүргізілген сараптамаға баға беруді сұрады. Атап айтсақ, жауап берген сарапшылардың пікірінше ең сапалы сараптама балалар тағамы мен шырындарға жүргізіледі (65,0%). Сарапшылардың 5,1% осы балалар өніміне сараптама жүргізілмейді деп есептейді.

Балалар киімін сараптауға байланысты айтар болсақ, сарапшылардың 33,5% сараптама сапалы өткізіледі және 34,8% - сапасыз өткізіледі десе, жауап берушілердің 31,6% бағалау жүргізілмейді деп есептейді. Жалпы айтқанда балалар киіміне деген сұраныс қанағаттандырылған. Бұл жағдайда маңызды мәселе отандық мектеп формасын енгізу және қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан жеңіл өнеркәсібі қазір өсу динамикасын көрсетуде. ҚР инвестициялар және даму министрлігінің деректеріне сәйкес, тек мектеп киімі нарығының көлемі 30 млрд. теңгені құрайды. Жыл сайын мектеп киімі 4 млрд. теңгеге импорттан тұрады – бұл бюджетті жұмсап, біздің жеңіл өнеркәсібі қол жеткізе алмай отырған қаражат. Шамамен Қазақстандағы 55 кәсіпорын талап етілетін өлшемдер бойынша мектеп формасын өндірулеріне болар еді.

Баспа өніміне сараптама жүргізу мәселесіне тоқталатын болсақ, жауап бергендердің 22% ешбір сараптама өткізілмейтіндігін атап өтті. Мысалы, оқулықтар көбіне Қытайда шығарылады, олардың мәтінінде мазмұнды ғана емес, сонымен бірге орфографиялық қателер жіберіледі екен. Ресми

деректерге сәйкес оқу әдебиетінің шамамен үштен бір бөлігі қайтарылып отыр. Сонымен қатар оқулықтардың жетіспеушілігі сақталады.

Анықтама: Әлеуметтік-мәдени даму Комитетінің төрағасы Г.Исханованың деректері бойынша оқу индустриясының негізгі проблемасы келесі болып табылады:

- мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келмеуі;

- мазмұнында көптеген қателер мен дәлсіздіктер, белгіленген тақырыпқа мүлдем қатысы жоқ фактілердің болуы;

- Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар ерекше сөгістерге ие. Түрлі авторлар оқиғалар мен фактілерді өздерініңше талқылауға жол береді, жиі мерзім мен оқиғалар, тарихи тұлғалардың өмірбаянын мазмұндағанда фактологиялық қателер жіберіледі. Олар фактілерге толған, қиын мазмұндалады, олардың ішінде тақырыптарды бекіту үшін тапсырмалар мен жаттығулар жеткіліксіз;

- ұсынылатын деректердегі сәйкессіздік проблемаларына жол берілген;

- жалпы оқулықтар форматы бекітілген болуы тиіс. Қазақ тілінің оқытушылары 11 сыныптың оқулығында бір кітапты құрастыру қағидасы сақталмай, барлығы қалай болсын солай басылғанына назар аударып отыр;

- материалдың «қарапайымнан күрделіге дейін» сабақтастық принципі көп жағдайда сақталмайды;

- қазақстандық мазмұны оқулықтардың көбінде сақталмаған.

Негізі Қазақстан бүгін үлкен мәселеге тап болып отыр – бұл көркем өнімнің психологиялық және контенттік сараптамасы. Анимациялық өнімді талдайтын қызметтер мен орталықтар жоқтың қасы. Сонымен бірге Қазақстанда шетел анимациялық өнімі танымалды болуы үшін шаралар атқарылуда. Атап айтсақ «Болашақ» білім беру бағдарламасы мен қауымдастығының қолдауымен бұл мультфильмдер қазақ тіліне аударылуда, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі заманауи шығармаларды басып шығарады, атап айтсақ қазақ тіліндегі «Гарри Поттер» .

Сонымен қатар сарапшылардың пікірінше ақпараттық өнім (мультфильмдер, жарнама, бейнероликтер) көп жағдайда балалардың денсаулығына жағымсыз әсер етеді (67,1%). Осыдан басқа бейнеойындар мен компьютерлік ойындардың жағымсыз ықпалын жауап берген сарапшылардың 66,5% атап өтті (Кесте 19).

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Қазіргі таңда балалардың психологиялық денсаулығы мен тән саулығына қандай өнім көп дәрежеде жағымсыз әсер етеді және осыған байланысты шұғыл бақылауды талап етеді? (%)

	%
Ақпараттық өнім (мультфильмдер, бейнероликтер, жарнама және т.т.)	67,1
Бейне ойындар, компьютерлік ойындар	66,5
Тағам өнімдері (балалар тағамы, шырындар, шоколад және т.т.)	20,1
Ойыншықтар, ойындар	20,1
Балалар алаңы және ойын кешендері	6,1
Балаларға арналған киім	3,0
Кітаптар, журналдар, брошюралар және т.т.	2,4
Мектеп тауарлары, жабдықтар, кеңсе заттары	1,8

Қазақстан үшін бүгін контентке назар аударған маңызды. Өйткені, біз негізінен тұтынушы, импорттаушы болып табылғандықтан, оның мазмұнын бақылауға қиындыққа соғады. Оларға тыйым салуға, немесе импортты шектеуге болады, бірақ бұл мүмкін емес. Егер талаптар күшейтілетін болса, көлеңкелі нарығы кеңейе түседі.

Тұрғындармен психологиялық жұмыстың сапасын көтеру қажет, әсіресе балалар мен жеткіншектер арасында. Әрине деструктивті сайттардың қызметін тоқтатуға болады, бірақ ол үшін ұдайы мониторинг жүргізіп отыру қажет.

Ақпараттық провокациялар мен өсектерге қарсы әрекет етудің шараларын дұрыс қолдана білу керек. Әлсіз ақпараттық жұмыс жағдайында әлеуметтік желіде болып жатқандар туралы хабардар етіп отырғандарға қарсы қатаң саясатты жүргізбеген дұрыс. Осындай жағдайлар үшін call-орталықтар қызмет етуі тиіс, олар тұрғындардың сұрақтарына жауап беріп, шынайы ақпарат беріп отырады еді. Осындай қызметтер полицияның «102» телефоны сияқты баршаға белгілі болуы тиіс.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес компьютерлік ойындар психика үшін айтарлықтай қауіп төндіріп отыр. Егер ересек адам виртуалды тәуелділікке қарсы тұра алса, балалар әлі аяғына дейін дамымаған санасы мен психикасы, компьютердің жағымсыз әсеріне жылдам түседі.

Charite университетінің неміс зерттеушілері тәжірибе өткізген, оның барысында 20 адамнан тұратын топқа сүйікті ойындарынан алынған скриншоттарды көрсеткен. Олар алкогольизм және есірткіқұмартушылық ауруына шалдыққандарға олардың патологиялық құмарлану заттарын көрсеткендей ұқсас реакция байқатынмы. «Nottingham Trent University» университетінің International Gaming Research Unit амауымен жүргізілген зерттеу бойынша 7000 адамнан тұратын бақылау тобының 12% онлайн компьютерлік ойындарына тәуелді екенін көрсетті. 250 миллионнан тұратын Facebook қолданушыларының 19% компьютерлік ойындарына

тәуелді екендерін жасырмады. Дуглас Джейнтал Америкалық педиатрлар академиясымен бірлесіп адам денсаулығына ойындардың ықпалын зерттеген көрінеді. Бақылауға 3 мың бала алынды, тәуелділік әр онында балада белгілі болды.

Басты компьютерлік ойындардың жағымсыздығы – бұл өзіне деген сенімсіздіктің пайда болуы. Виртуалды өмірде өзін қаһармандай сезінген бала шынайы өмірде де барлығы жеңіл болады деп есептейді. Бірақ шынайы өмірге оралған сәтте жеткіншек табысқа батырманы басқан сәттен қол жеткізуге болмайтынын тез түсінеді. Өз-өзіне деген сенімсіздік, қоршаған адамдаға деген ашу сезімі, депрессия өрши бастайды – бұның соңы кей кезде суицидке апарып жатады.

Жастар өмірден кетеді, өйткені виртуалды өмір мен шынайы өмір, әдетте, бірдей болмайды. ВОЗ және ЮНИСЕФ халықаралық ұйымдарының ақпараттары бойынша Қазақстан осымен 10 жыл қатарынан жеткіншектер арасында өз-өзіне қол сұғышылық саны бойынша елдер арасында көшбасшылықтың үштігіне кіреді. Жеткіншектер арасындағы суицид көрсеткіші 2008 жылы өз шыңына жетті. Ол кезде Қазақстан 15-19 жасындағы бозбалалар мен қыздар арасындағы суицид жасағандар арасындағы саны бойынша бірінші орынға шықты. 2013-2014 жылғы ЮНИСЕФ есебінде Қазақстан бірнеше жыл бойы жеткіншектер мен жастар арасындағы өлімнің негізгі салдары өз-өзіне қол сұғышылық болып табылатын елдердің қатарына кіріп отырғаны жарияланды.

Ең қауіптісі адами ауытқулар, девиация виртуалды әлеммен астасып жатқандығы. Интернет алдымен шынайылықтан кетуге көмектеседі, содан кейін өмірмен қош айтысуға көмектеседі. Өз-өзін өлтірушілер қауымдастықтары жасақталады. Атап айтсақ, 2015 жылдың соңына әлеуметтік желілерде суицид культын насихаттайтын парақшалардың қатысушысы болып 1863 кәмелеттік жасқа толмаған қазақстандық балалар тіркелген. Алматы аудандық сотымен «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі екі публиктің мазмұны заңсыз деп танылып, Қазақстан аумағында таралуына тосқауыл қойылды, өйткені олардың мәтінінде өз-өзіне қол жұмсау әдістері, тәсілдері мен ұсынстары берілген болып шықты.

Бұл жағдайда Қазақстанда кәмелеттік жасқа толмағандардың әлеуметтік желілерде Еуропалық одақ елдеріндегідей тіркеулеріне тыйым салу тақырыбы кеңінен талқыланып келеді. БАҚ-да 2017 жылдан бастап 16 жасқа толмаған балаларға ата-ананың рұқсатынсыз әлеуметтік желілерде тіркелуге және жеке парақшаларын ашуға тыйым салуды енгізу туралы Еуропарламенттің қаулысы қызу талқылануда. Осы ретте eMarket талдау компаниясының зерттеулері келтіріліп, оның мазмұнында Facebookтің желісінде 11 жасқа толмаған әр бесінші баланың профилі бар екендігі жарияланды, алайда әлеуметтік желісін пайдалану ережесі қолданушының 13 жастан кем болмауы талап етіледі. Еуропарламент қаулысына сәйкес

компаниялар әлеуметтік желіде ата-ананың рұқсатын алу тәсілін қарастыруды, немесе оларды тіркеуден бас тартуды ұсынып отыр.

Тарау бойынша қорытынды

1. Қазақстан – жас және тез дамып келе жатқан балалар тұрғындарының үлесі едәуір ел. 14 жасқа дейінгі балалар саны 4,6 млн. адамды құрап отыр. Кәмелеттік жасқа толмағандар саны – 5,5 млн. адам. «Қазақстан-2050» стратегиясы мен дүниежүзілік дамыған 30 елдің қатарына кірігу тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін балалар құқығын қорғау жүйесін сапалы қайта құру талап етіледі. Басты принцип балалар – дербес категория, объект емес, ол субъект, олардың мүдделерінің призмасына қарай мемлекеттік саясаттың талаптары қарастырылуы тиіс.

2. Басты мәселе – бұл балалар өнімінің сапасына және айналымына бақылау жүйесі. Қазақстан балалар тауарларының 80% импорттайды. Балалар құқығы мәселесінен бұрын бұл қауіпсіздік мәселелері, экономиканы дамытудың жаңа резервтері. Тек мектеп формасының нарығы жылына 4 млрд. теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді. Балалар тауарлары нарығының жалпы айналымы жылына 2,5 млрд. долларға жетеді, бұл елдің ІВӨ шамамен 1% құрайды.

3. Жауап берген сарапшылардың 40% астамы балалар өнімінің сапасына және айналымына бақылау жүйесі жақсарып келе жатқанын алға тартады. Сертификациялау, стандарттау, санитарлық қызмет бойынша көп жұмыс жасалды. Алайда бұл жүйе бақылау, мониторинг жүргізу сапасын көтеруді, жеңіл-желпі, визуалды, экономикалық бақылаудан қолданбалы, және бейімделген түрлеріне ауысуды талап етеді, ол тікелей білім және ғылым жүйесінің әдістемелері мен техникаларын қолдануы тиіс. Нақты айтқанда әңгіме өнімге психологиялық сараптама жүргізуді, баланың дамуына әсер ету сапасын және денсаулығына, дамуына ұзақ мерзімді және кейінге қалып әсер ету мәселесін тілге тиек етеді.

4. Елімізде жас ерекшелікке қарай тауарлар мен өнімдерді таңбалау, бөлу әдістері біртіндеп енгізілуде. Бұл ретте нарық аморфты болып келеді. Алайда тұтыншылардың бөлінуі, қоғамның дифференциациялануы, қоғам дәулеттілік белгілері бойынша құрылымдануы байқалады. Сапасыз балалар өнімдерінен қорғау жүйесі дәулеттері жоғары топтарға арналған болған жағдайда тәуекелдер туындайды. Кірістері төмен топтар потенциалды қауіптілікті әкелетін өнімдерді пайдалануды жалғастырып келеді. Мұндай жағдайда салауатты өнімді пайдалануға тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет.

5. Сарапшылар мемлекет балалар өнімі нарығына, өнімнің сапасына, импортты реттеуге бақылауды күшейту керек деп есептейді. Алайда жұмсақ бақылау сценарийі анағұрлым қолайлы, яғни балалар өнімінің айналымына бақылауды қамтамасыз ету жұмысына бизнесті және жеке меншік құрылымдарды қатыстыру, мысалы, таңбалауды қамтамасыз ету. Бақылау жүйесінің күшеюі инвестициялық климаттың пен кәсіпкерлік еркіндігіне

зиян келтірмеуі тиіс. Мұнда өнімнің құны деген мәселе де бар, бақылау шаралары балалар өнімінің қымбаттауына апармауы тиіс.

6. Мемлекет балалар индустриясының дамуына ықпал ету тиіс, оның ішінде ойыншықтар, шығармашылық материалдарды шығаруға, қосымша механизмдерді құруға.

7. Қазақстанда ауысу үдерістері біршама жеңілдетілген, өйткені батыс ақпараттық өнімдеріне, анимацияны қоса, көзқарас оңайлатылған. Республикада өзге ТМДның бірқатар елдеріндей (Ресей, Украина) отандық анимациялық және көркем өнімнің кеңейтілген нарығы қалыптаса қоймаған. Негізгі бөлігін біз импорт арқылы толықтырамыз. Алайда өнім импортының географиясын диверсификациялау бағытына көшті. Қытайлық тауарлары балалар өнімі нарығында да үстемдігін жоғалтқан жоқ. Сараптамасы, таңбалауы бар жоғары сапалы еуропалық эксклюзивті тауарлардың тікелей үлесі қанағаттанарлықсыз. Сондықтан бақылау жүйесін модернизациялау қажет, қазір көптеген саланы қамтитын кешенді шешімдер қабылдау уақыты келді. Бірінші кезекте отандық өндірушіні қолдауға бағыт алып, импортты алмастыруға көшу керек. Отандық өнім сұранысқа ие, бірақ оның бағасы қымбат, немесе өнідірісі шектеулі. Брэндті жылжыту мәселесі әлсіз.

8. Батыс мультфильмдері көбіне ересек адамдардың сынына ұшырап, қабылданбайды. Заманауи мультфильмдер ата-аналар, педагогтар мен психологтар арасында дау-дамайды тудыруда. Оған қарамастан мультфильмдер кең сұранысқа ие болып, балалар арасында танымал болып келеді. Осында осы кезеңнің қарама-қайшылығы жатыр.

Қазіргі ең басты міндеттердің бірі – балаларға жақсысы мен сапалысын таңдауға көмектесу болып табылады. Ата-аналар бағыттар мен құндылықтарды қалыптастыруы мүмкін, бірақ олар өз балаларын әрбір қадамын бақылап отыратын менторлар болмауы тиіс. Ата-аналар рөлі тек қауіпсіздік константасы болу. Қалғаны өзгеріп, құбылуы мүмкін.

9. Сарапшылардың көпшілігі балалар өніміне (мультфильмдер, ойыншықтар, кітаптар және т.т.) цензураны енгізгенді қолдайды.

10. Қазақстанда азық-түлік өнімінің сапасын бағалау бойынша жағдай анағұрлым қолайлы. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай бақылануда. Алайда, ойыншықтар мүлдем бақылаусыз қалуда, шығармашылық өнімдердің айналымы да аз бақылануда. Интернетте бірде-бір сапалық отандық талдау жарияланбаған, сарапшылардың мультфильмдерді толықтай және жан-жақты жасалған талдаулары орналастырылмаған. Тек ата-аналардың форумында жазылған түсіндірмелерінен басқа.

11. Сарапшылардың 70% бүгінгі күні негізгі тәуекелдер балаларға психологиялық тұрғыдан әсер ету байқалатынын алға тартады. Яғни, мультфильмдер мен компьютерлік ойындар.

Компьютерлік тәуекелділік қауіпті трендке айналды және тек ересек адамдардың психологиясына ғана емес, балалар мен жеткіншектердің психологиясына ықпал етуде. Компьютерлік тәуекелділік психикалық ауытқулар мен орны толмас процесстердің себебі болып табылады. Алайда бұл проблеманы тек шектеулер орнатумен немесе мектеп штатына психологтарды енгізу сияқты қадамдармен шешуге болмайды. Мектептен

үйге, үйден балалардың ұжымдарына тұтас жұмыс жасау керек. Спорт, дене шынықтыру, мәдениетті дамыту кең түрде енгізу қажет.

Маңыздысы контенттің сапасы болып табылады.

12. Өндірушілер мен дистрибьюторларға жылдам кіріс алуға арзан тауарды алмай сапалы өнімді нарыққа шығаруды талпынуға итермелейтін ережелер, жүйені ұсыну қажет. Бұл өндірушіні қолдау, бақылау жүйесі, балалар тұрғындарымен құнды жұмыс жасалатын ұзақ мерзімді қадамдар болуы тиіс.

Алайда таңбалауды күшейтуді, айыппұлдарды салуды, кейбір қатаң шараларды қолдануды, оның ішінде тауарды алу, тәркілеу шараларын қолдануды жоққа шығармайды.

Бастысы – бұл балалар тұрғындары зиянды және жағымды әсерін көруі үшін балалар арасында ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру қажет. Ол үшін тұрғындар жеңіл қабылдай алатын суреттелген материалдар, слайдтар, инфографика және өзге де материалдар қажет.

50 беттегі әдістемелік нұсқаулардың форматын тұрғындар қиын қабылданатынын практикада көруге болады. Маңызды және күрделі материалды меңгеру үшін жаңа формат, жаңа дизайн қажет.

13. Сертификациялау, сараптама, таңбалау бойынша бүкіл жұмысты Қазақстанның ДТҰ, ЕАЭО қатысу шеңберінде жүргізу қажет. Еуропалық одақтың түрлі жас ерекшеліктегі балалардың қауіпсіздігін қамту мақсатында жүргізілетін өнімді таңбалау жөніндегі тәжірибесін мұқият зерттеу керек. Бұдан басқа экологиялық сараптама, балалардың еңбегі қолданылмағанын көрсететін таңбалау бар.

3. БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДІ БАҒАЛАУ

3.1 Мультипликациялық фильмдер мен телебағдарламаларды бағалау

Сауалнама жүргізу барысында сарапшылар балалардың психологиялық денсаулығы мен дамуына теріс әсер ететін анимациялық фильмдеріне баға берді. Сарапшыларға алты бірліктен тұратын, оны толықтыруға мүмкіндігін берумен қоса, танымал мультипликациялық фильмдердің тізімі ұсынылды.

Сарапшылар сауалнамасының нәтижесі «Маша мен Аю» (44,5%), «Фиксиктер» (63,4%), «Лунтик» (45,7%) балалар мультфильмдері жиі балалар денсаулығы мен дамуына жағымды әсер ететіндігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар балалар денсаулығы мен дамуына кеңес мультфильмдері (8,5%), қазақ тіліндегі мультфильмдер (2,6%), сондай-ақ шетел мультфильмдер классикасы («Том мен Джерри») жағымды әсер етуде (Кесте 20).

Сарапшылар балалар денсаулығы мен дамуына жағымсыз әсер ететін мультфильмдерге «Клуб Винкс – Сиқыршылар мектебі» (20,0%), «Губка Боб Квадратные Штаны» (19,4%), аниме – мультфильмдер (3,0%), монстрлар және ойдан шығарылған аңдар туралы мультфильмдерді атады (4,8%).

Кесте 20

Ойыншықтардың балалар психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымды және жағымсыз әсері (%)

	Жағымсыз әсер	Жағымды әсер
«Маша мен Аю» мультсериалы	23,0	44,5
«Фиксики» мультсериалы	27,9	63,4
«Лунтик» мультсериалы	27,3	45,7
«Клуб Винкс – Сиқыршылар мектебі» мультсериалы	20,0	6,1
«Губка Боб Квадратные Штаны» мультсериалы	19,4	11,0
Аниме-мультфильм	3,0	1,2
Роботтар туралы мультфильмдер	1,2	-
Шетел мультфильмдері (<i>Черепашки Ниндзя, Симпсоны, Семейка Адамс, Шрек, Южный парт және т.т.</i>)	6,0	-
Монстрлар, ойдан шығарылған аңдар туралы мультфильмдер	4,8	-
Кеңес мультфильмдері (« <i>Ну, погоди!</i> », <i>Простоквашино</i> , « <i>Винни Пух</i> »)	-	8,5
Шетел мультфильмдері (Том и Джерри, Робокар, Даша и Диего және т.т.)	-	6,6
Шытырман оқиғалар туралы мультфильмдер	-	2,4
Қазақ тіліндегі мультфильмдер	-	2,6

Бүгін өте жиі кейбір балалар мультфильмдерінің жағымды немесе жағымсыз әсері туралы дауларды естуге болады. Ата-аналар, сарапшылар, психологтар, мемлекеттік органдардың өкілдері дауға қосылды. Әрі қарай

бірқатар танымал мультфильмдер туралы жағымды және жағымсыз түсіндірмелер ұсынылады.

Кесте 21

Сарапшылардың бағасы және форумдардағы (әлеуметтік желі қолданушыларының) тұрғындардың түсіндірмелері

Мультфильмдер	Оң түсіндірмелер	Теріс түсіндірмелер
Маша мен Аю	<p>Аю – бұл ересек адамның баланың ешбір тентектігі мен қылықтарына қарамастан қарым-қатынасқа түсудің үлгісі болып табылады. Бұл төзімділік пен сүйкімділіктің үлгісі. Маша – 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың жинақталған образы.</p> <p>Маша бұзақылық жасаған үшін бұрышта да тұрды, бүкіл үйге ботқа шашылған кезде үйді де жинады, тосап та қайнатты, содан кейін Аюды тамақтандырды. Окуды, жазуды үйренді. Шырша мен Жаңа жылға қатысты сериясында Маша алдымен бүкіл сыйлықтарды тартып алғысы келді, бірақ серияның соңында сыйлықтарды алудан гөрі сыйлаған жақсы деп ән шырқайды. Бұл үлгі тұтарлық әрекет емес пе? Осындай мысалдар тағы көп келтіруге болады. Мен Машаның жасағанын өзге бірде бір баланың қайталағанын көрген емеспін, бірақ мен Машаға қарағанда заманауи балаларды көремін</p>	<p>Оны көргеннен кейін балалар назданып, зияндылыққа жол береді, бір сөзбен айтқанда Машаның іс-қимылын қайталайды, өйткені олардың жасында «жағымды» кейіпкер – үлгі болады, ал мынау бұзақылық жасап, тек аюды ренжітумен болады, есі ауысқан адам сияқты секіре бастайды. Мен бірнеше сериясын көргеннен кейін бұл мультфильмді балаға көрсетпеу керек деп шештім (7-8 жасқа дейін)</p>
Шрек	<p>Жай сюжетті ауыстырып, түрлі диснейлік фильмдерді пайдалану. Кез келген жағдайда мейірбандық жауыздықты жеңеді. Бастысы – достық. Жауыз Огр парасатты отағасы мен досқа айналады. Қоғамнан шеттетілген кейіпкерден өмірге жақсы бейімделген кейіпкерге айналады.</p> <p>Диснейдің фильмдеріндегідей қоршаған тіршілікті жаңадан интерпретациялау. Стереотиптік ойлау еңсеріледі. Жағымды персонаждар мен теріс персонаждар ондай болмауы мүмкін. Барлығы жекеше болуда. Адамдар теледидарды нотация мен ақылды есту үшін емес демалу үшін қарайды</p>	<p>Персонаж біртүрлі ақылға сыйымсыз, оны Шрек туралы барлық фильмдерде көруге болады – ірі трансвестит-еркек. Мүмкін мұнымен авторлар өздерінің секс-азшылыққа деген толеранттылығын көрсеткісі келген шығар, былай алып қарағанда, американдықтар мұнымен мақтанады. Осы құнды нұсқауды Голливуд әлемнің бүкіл балаларына таратуды көздеп отыр!</p> <p>Фильмнің басты кейіпкері– жауыз және дөрекі алып-огр Шрек, батпақта өмір сүретін, жануарларды жек көретін мизантроп. Оның ерлігі үшін мотивация болып жүрек қалауы, игілікті істер емес – жоқ,</p>

		қарапайым нарықтық проблемасы – патша оның жер учаскесін тартып алудан пайда болған жер мәселесі
Смешарики	2007 жылы «Смешариктер» ЮНИСЕФ пен «Балалар мүддесі үшін бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Мультфильмдер туралы дау – бұл екі лагерь: консерваторлар мен модернистер. Жаңа диснейлік мәдениет – постмодернити болып табылады	Менің «Смешариктерге» көз-қарасым теріс, менде «бұл» теріс реакция тудырады, онда эстетикалық талғам жоқ. Қарапайым шариктер, олардың денесіне қолдары, аяғы, кейде тұмсығы суреттелген, басқаларда мүйіздері ғана салынған, болды, осындаймен әсемділік пен сұлулықты қалай дәріптеуге болады. Мазмұны да, менің талғамыма жат
Губка Боб Квадратные Штаны	Бір жақтан біз консерваторлар мен ересектердің қатаң пікірлерін көреміз. Алайда балалар мен жеткіншектер осы мультфильмді көрген кезде кейбір мағынаның сабақтастығын, немесе олардың болмауына аз көңіл бөледі. Олар жарық, көңіл көтеретін суреттерді көреді, көңіліндерін алаң еткізеді. Фильмді көз алмай 20 минут көруге болады. Бобты қалай ұнатпауға болады? Менің ойымша, оны көрмеген адам, оны жақсы көрмейді. Мультик өте жақсы, мейірбан және әзілді, үлгі аларлық.	Сериал өзінің қарапайым әзілімен таңғалдырады. Мысалы, мынадай: бір-бірін бастарынан соғады, балмұздақты терезеге лақтырады. Немесе басқа: Губка және оның досы он рет автобуска кіре алмайды, өйткені кезекте тұрған Губка біресе ұйықтап қалды, біресе құлағына конфет тықты, біресе шамды жеп қойды. Сондықтан егер балаңыз теледидарды көргеннен кейін бір нәрсені құлағына тығамын десе таң қалмаңыздар. Бұл өте қауіпті, келісетін шығарсыздар. Психолог-кеңесші Ольга Сташук бұл мультфильм өте жабайы және Губка Бобтың әлеміне қарағанда аутистердің өмірі өте бай және дұрыс реттелгенін атап өтеді. Егер ата-аналар баланың топас болғанын қаласа, онда «Губка Боб» – таптырмас көмекші. Айтпақшы, Вирджиния штатында (США) мынадай тәжірибе жасалыпты: мектепке дейінгі жастағы бір топ балаға бір мультфильмнің бірнеше сериясын көрсеткен екен, содан кейін оларды агрессивтілікке, гипербелсенділікке тексерген екен. «Губка Бобты» көрген балалар ең төмен нәтижеге қол жеткізіпті

Осы ақпараттық өнімдерінің балалар денсаулығы мен дамуына келтіретін зияны бойынша дауларға қарамастан мультфильмдер инновациялық, шығармашылық мәдениет дамуының негізін қалыптастырады. Ата-аналар, мектеп, оқытушылар шығармашылықты қолдау керек, олардың табыстарын бағалап, мүлт кеткенде қолдаулары тиіс.

Осыған қарағанда мектепке дейінгі білім беру алғышарттарын өзгерту қажет – тыйым салу, шектеу әдісінен ынталандыру-қозғамдауға көшу керек.

Сондай-ақ ақпараттық саясатқа деген көзқарасты өзгерту қажет. Әлбетте балаларға арналған өзіндік бағдарламалар контентін дамытқан маңызды. Бұл орайда балалар аудиториясына жағымды әсер ететін «Балапан» (қазақстандық) және «Карусель» (ресей) телеарналары ең жоғары бағаны алды сәйкесінше 72,6% және 70,1% (Кесте 22).

Cartoon Network немесе Nickelodeon телеарналарының зияндылығы күмәнді, жауап беруші сарапшылардың көпшілігі бұл телеарналар балалардың дамуына жағымсыз әсер ететінін атады – сәйкесінше, 64,6% және 64,0%. Сонымен қатар балалардың батыс мәдениетін қаншалықты тез меңгерсе, соншалықты оларға заманауи тіршілікке бейімделуге жеңіл болады. Осы ретте «Карусель» немесе «Детский мир» телеарналарының пайдасы жайлы дауласудың қажеті шамалы.

Кесте 22

Балаларға бағдарламаларды тарататын кейбір телеарналардың балалар психологиялық денсаулығы мен дамуына жағымды және жағымсыз әсері (%)

	Жағымсыз әсер	Жағымды әсер
«Карусель» телеарнасы	4,3	70,1
«Никелодeon» (Nickelodeon) телеарнасы	64,0	4,3
Детский мир (Телеклуб)	3,0	32,9
Балапан телеарнасы	2,4	72,6
Cartoon Network телеарнасы	64,6	2,4
2*2 телеарнасы	1,2	-
Мұндай арналар жоқ	3,0	-
Жауап беруге қиналамын	8,5	-
Ресей телеарналары («Мульт», «Радость моя»)	-	4,9
«ТiJi» телеарнасы	-	1,2

Қазақстанның ақпараттық нарығына шетел ақпараттық көздерінен, телеарналарынан бас тартуға тиімді емес. Елдің бүкіл ақпараттық саласы тепе-теңдікке байланысты, мұнда кез келген елдің бағдары үстемдік орын алмауы қажет.

Балаларға шетел арналары ұнайды. Балаға таңдау жасау мүмкіндігі берілуі тиіс, олар дәстүрлі телевизиядан басқа ақпарат көздерін де пайдаланады, мысалы гаджеттер мен интернет-телевизия, осылайша атаның бақалуынан айырылады.

Сарапшылардың еш бірі компьютерлік ойындар зиян келтірмейді деп айтпады.

Бір жағдайларда компьютерлік ойындар балалар психикасына зиян келтіруі мүмкін, әсіресе, егер бұл ойындарды үзіліссіз сағаттап, тәуліктеп, апталап ойнайтын болса.

Компьютерлік тәуелділік Америка мен Еуропада бұрыннан айтарлықтай проблема екені мойындалды. Ойын тәуелділігіне қатысты бірнеше факт. Француз студенті ұйқысыз ойынның және оқудың үшінші тәулігінде (компьютерлік ойыннан кейін институтқа барады, содан кейін бірден монитор алдына отырады) терезеден шығып кетті. Тайваньда бір желінің фанаты компьютердің алдында қайтыс болып кетті, ол компьютерді 40 сағат бойы босатпаған.

3.2 Компьютерлік өнімді бағалау

Сарапшылар сауалнамасының нәтижесі бойынша жауап берген бірде-бір сарапшы «компьютерлік ойындар балалар психикасына зиян келтірмейді» деген жауап нұсқасын белгілеген жоқ. Жауап бергендердің 66,1% компьютерлік ойынын орташа шамада пайдалану зиянсыз және маңызды рөлді ойынның контенті атқарады деп отыр.

Жауап берген сарапшылардың үштен бірі негативті баға берді – кез келген компьютерлік ойын балаға зиян келтіреді – 31,5% (Кесте 23).

Кесте 23

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Қазіргі кезде балалардың арасында компьютерлік ойындар үлкен танымалдылыққа ие болып отыр. Компьютерлік ойындарды пайдалануға қатысты пікірлер екіге бөлінді. Сіз қандай көзқарасты ұстанасыз? (%)

	%
Компьютерлік ойындар бала психикасына зиян келтірмейді, және жоғарғы технологиялардың заманауи әлемі біздің қоғамның компьютерлендірілуін талап етеді	-
Компьютерлік ойыны орташа шамада пайдалану зиянсыз. Сонымен қатар, компьютер ойындарының контенті үлкен рөлге ие, мысалы, жетілдіруші ойындар пайдалы болуы мүмкін	66,1
Кез келген компьютерлік ойыны балаға тән саулығына да, психикалық денсаулығына да зиян келтіреді	31,5
Басқа	0,6
Дамытатын компьютерлік ойындар ойнаған маңызды, алайда олар ата-аналардың сүзбесінен өткізілуі тиіс	1,8

Егер тізімде ұсынылған ойындарды бағалау туралы айтатын болсақ, сарапшылар Counter-Strike (61,8%) пен GTA (68,5%) ойындарын жағымсыз деп бағалады. Сол уақытта My Talking Tom және Minecraft сияқты ойындар

бойынша жағымды бағалау артып түседі – сәйкесінше 54,4% және 39,4% (Кесте 24).

Кесте 24

**Баланың психологиялық денсаулығы мен дамуына
жағымды және жағымсыз әсер етуі (%)**

	Жағымсыз әсер етуі	Жағымды әсер етуі
GTA	68,5	2,5
Minecraft	18,8	39,4
My Talking Tom	2,4	54,4
Counter-Strike	61,8	3,1
Молынан қантөгіс және атыстар орын алған ойындар	2,4	
Бүкіл ойындар негативті әсер етеді, позитивті әсер етпейді	3,6	3,8
Жас ерекшелігіне байланысты	0,6	-
Жауап беруге қиналамын	3,0	5,0
Интерактивті ойындар	-	9,7
Басқа (аркада, Маша мен аю және т.б.)	-	5,6

Ойынның мазмұны – шынайы өмірге максималды түрде жақындатылған, заманауи әлем суреттегідей, «ойыншық» іспеттес жасалған. Жастар ойдан шығарылған әлемнің тұсауына түсіп, қоршаған шынайы өмірмен байланысын үзеді.

PsychCentral ғалымдары лонгитюдты зерттеулер нәтижесі бойынша келесі қорытынды жасады, фильмдегі зорлықтың және адам өлтірулер саны бір-бірімен байланыспаған. XX ғасырдың ортасында біршама корреляция болды. Алайда 1940-х жылға дейін және 1990 жылдан кейін ол теріс үрдіске ие болды, яғни қатыгез фильмдер адам өлтірудің аз санымен байланысты болды. Екінші зерттеу қатыгез бейнеойындар 1996-2011 жылдары жастар арасындағы зорлық деңгейін төмендеткенін көрсетті. Осыған қарамастан ғалымдар: мұндай корреляция кездейсоқ, және осындай бейнеойындар агрессияның деңгейін төмендетеді деп айтуға болмайды деп көрсетті.

Ғалымдар, фильмдер одан сайын қатыгез болуда, бірақ осы уақытқа дейін ешкім бұл қоғам үшін проблема екен деген тұрғысынан зерттемегенін атап өтуде. Ғалымдар мынадай қорытынды жасады, қатыгез фильмдер мен бейнеойындар саны күннен-күнге артып келеді, бірақ бұл шынайы өмір үшін жағымсыз салдарына әкелмеген.

1992 г. Алтея Хастон мен оның әріптестері америкалық ортастатистикалық бала 18 жасқа толғанша теледидар арқылы орта есеппен 200 мың — зорлау, қорлау және адам өлтіру сынды зорлық сценасын көретінін анықтаған. Слэйтердің пікірі бойынша, қорқынышты фильмдер көру адамға өткір сезімдерді тұтынуын қанағаттандырады екен, ал Спаркс

қорқыныш фильмдерін көру күнделікті проблемалардан уақытша арылуға көмектеседі деген пікірді алға тартады. Кантор қорқыныш фильмдерін «тыйым салынған жеміс» деп атайды, олардың тартылымдығы оның ешкімнің қолдамауында деп санайды. Голдштейн, осындай фильмдер «компания үшін» көруге жарарлық, себебі жиі оны көру үшін адамдар бірге жиналады деп есептейді. Көбісі экрандағы өлім мен зақымдануды көріп, агрессияға деген тұтынымның орнын толтырады деп есептейді.

Тарау бойынша қорытынды

1. Талдау көрсеткендей, балаларға арналған мультфильмдер мен басқа да көркем өнім жағымсыз да, жағымды да бағалануы мүмкін. Зерттеудің нәтижелері сарапшылардың көпшілігі «кеңес» мультфильмдерін эталонды болып табылады деп көрсетеді. Бұған қарамастан қазіргі психологтар кеңес мультфильмдерінің теріс ықпалын анықтаған. Мысалы, «Ну, погоди!» бүгін қасқырдың аса қатыгездігі үшін сыналады, ол америкалық «Том мен Джерри» мультфильмінен еш айырмашылығы жоқ. Қазіргі Барби немесе перизаттар туралы мультфильмдер 30-40 жыл бұрын түсірілген мультфильмдерге қарағанда мейірбандылық бағдар және эстетикалық ұстанымды көбірек беруі мүмкін. Кеңес дәуіріндегі «Ежик в тумане» сияқты кейбір мультфильмдер әлі күнге дейін өзінің «балалық емес» мазмұнымен ирония тудырады.

Бұл ретте мультфильмдер туралы сұрақ даулы болып саналады және оған бір қалыпты жауап беру екіталай. Аға буын, өзін сарапшымын деп атаса да, жаңаға консерватизм көзқарасын білдіріп, қарсы әрекет етуі мүмкін.

Қазіргі буын өзінің жол салған ағаларына қарағанда өзінің ақпараттық және сандық технологиялардың кеңдігінен жылдам дамитынын түсіну өте маңызды.

2. Сарапшылардың сынына түскен әрбір мультфильміне мұқият талдау жасаған соң, мысалы, «Спанч боб», «Клуб Винкс», «Маша мен Аю» сияқты көркем өнімдердің ешқайсысы жамандық, зорлық, экстремизм, адам өлтіруді насихаттамайды деген қорытынды жасауға болады. Оларда жағдайдың әзілдігі, кейбір жеңілдетілген сценарийлер, сондай-ақ адамның тұрысына жақындатылған типаждар көрсетіледі.

3. Баланың санасы шынайылықтың, жарқындықтың болуын талап етеді, олар оның бойында эстетикалық ұстанымдардың негіздерін қалыптастырады. Батыс анимациялық өнім, әсіресе диснейлік, балалар аудиториясының сұранымдарына жауап береді. Уолта Дисней өнімдерінің маңызды ерекшелігі оның тек балалар емес, сонымен қатар отбасылық аудиторияға бағытталуында. Мультфильмдегі отбасының әрбір мүшесі өзіне қажетін көре алады. Сондықтан диснейлік фильмдерді көру ата-аналарды да, балаларды да қызықтырады. Сонымен бірге балаларға кейбір мәселелер түсіндірілмейді, оларға түсініксіз, алайда өсе келе олар мультфильмдерді жаңа көзқараспен тамашалайды. Бұл ересек адамдарда да болады. Ескі фильмдердің өзі бір кезінде жаңа ақпарат беріп, мазмұнға ие болады.

4. Қазір кезіктіретін компьютерлік ойындардың жаңа феномені шынымен әсерлі. Ол 40 минут сабақта тыныш отыра алмайтын балалардың назарын жеңіл түрде өзіне аударатындығы ғажап, бірнеше тәулік бойы назарда ұстауы мүмкін. Бұл феноменология – бұл заманауи педагогикаға түсіну қажет мәселе. Мүмкін бұл ешбір қиындықсыз, мектепке барусыз, партада отырусыз білім берудің тамаша жолы шығар бәлкім.

4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

4.1 Балалар өнімдерін таңдау барысындағы балалардың денсаулығы мен дамуы үшін тәуекелдердің алдын алудағы ата-аналардың рөлі

Сарапшылардың сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей көпшілігі – 60,0% заманауи қуыршақтардың шынайылықты сезінудегі әсері жағымсыз деп санайды. Үштен бір бөлігінен аздығы жаңа ойыншықтар мен қуыршақтар заманауи өмірдің ажырамас бөлшегі болып саналады деп есептейді (28,5%).

Барби қуыршағының қыздар дамуы мен психикасына ықпалы туралы даулар әлі күнге дейін жалғасуда, оның ішінде қазіргі қыздар мен әйелдердің көбіне анорексияға шалдықтыратын, әлсірететін диеталарды ұстануға талпынуы. Бүгінгі күні қуыршақтар өнеркәсібі өзгеріске ұшырады.

Кесте 25

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Егер кезінде балаларға арналған қуыршақтар олардың аналық сезімін дамытып, қамқорлыққа тәрбиелейді деген пікір болса, бүгінде, заманауи қуыршақтар құрбылар, жол көрсетуші рөлін атқарады, балалардың сырт келбетінің сұлулығына бағыттайды, ол келешекте балалардың тән саулығы мен психикалық денсаулығына, әсіресе қыз балаларға, жағымсыз әсер етуі мүмкін, ал Сіз қалай ойлайсыз? (%)

	%
Заманауи қуыршақтар, шынында да шындықты қабылдауға жағымсыз әсер етеді	60,0
Жаңа ойыншықтар, қуыршақтар заманауи әлемнің ажырамас бір бөлігі болып табылады	28,5
Басқа (<i>Ойыншықтардың барлығы салауатты өмірді насихаттамайды: қуыршақтың көбісі сауатсыз жүдеу болуды («Barbie», «Bratz»), паталогиялық (жас мөлшеріне сай емес) өлімге деген қызығушылықты («Monster High»), паталогиялық (жас мөлшеріне сай емес) ерте сексуалды дамуды («Barbie», «Bratz») насихаттайды, баланың психикасына байланысты, тәрбиеге байланысты</i>)	2,4
Қуыршақтардың түріне байланысты	7,3
Заманауи қуыршақтар ұлттық қазақ киімдерін кигенін қалар едік	0,6
Заманауи қуыршақтар баланың санасында дұрыс мінез-құлықты (ана, дәрігер, құрбы) қалыптастыруды жалғастырып келеді	0,6

Қазақстанда тамақтану және дене мәдениеті басқа, алайда сән конкурстарының көтерілу нәтижесінде жергілікті Барбилердің пайда болу тенденциясы аландатады.

Осыған қарамастан, қуыршақтар жастар, балалар мен жеткіншектерде эстетикалық сезім қалыптастыратын маңызды символикалық өнім. Қазақстанда қуыршақтарға сұраныс өсіп келеді. Мысалы, Бал-бала қуыршақтарының өндіріс көлемі жылына 25-30 мың дананы құрайды және ұлттық дизайны мен қазақ тілін қолданғаны үшін үлкен танымалдылыққа ие.

Қазір, әлем өзгеруде, сондықтан альтернатива табу үшін жұмыс жасау керек. Эбби қуыршақтары, «табыттағы қан сорғыштар» орнына өз нұсқауларымызды ұсыну қажет. Балалар ойыншықтар индустриясын қолдау қажет, атап айтсақ, Бал Бала қуыршағының құны 2,5 мыңнан 90 мың теңгеге дейін жетеді. Ұсыныстардың түрлісі керек, оның ішінде құны жағынан да.

Сарапшылар ата-аналар бірінші кезекте өз балалары үшін цензор болу керек деп есептейді, өйткені олар өз балаларының талғамын, таңдауы мен қалауын жақсы біледі (58,8%). Жауап берген сарапшылардың 27,3% үшін ата-аналар білікті мамандардың пікіріне құлақ асулары маңызды деп есептейді (Кесте 26).

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың 13,3% сән тенденцияларына еліктеп, ата-аналар тәуекелдердің алдын алуда өздерінің рөлін сезінбейді сондықтан цензор бола алмайды деп жауап берді.

Кесте 26

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Сіз қалай ойлайсыз, ойыншықтар мен басқа да балаларға арналған өнімдерді таңдау кезінде тән саулығы мен психикалық денсаулық үшін тәуекелдің алдын алуда ата-аналар қандай рөл атқарады? (%)

	%
Ата-аналар ең бірінші цензор болуы қажет, себебі олар өзінің балалары мен олардың қажеттілігін жақсы біледі	58,8
Ата-аналар өнімді таңдау кезінде күзиретті тұлғалардың пікірлеріне құлақ асуы қажет	27,3
Сән үрдісіне ере отырып, ата-аналар өздерінің тәуекелдердің алдын алудағы рөлін толық білмейді, сол себепті цензор бола алмайды	13,3
Басқа (ҚР Конституциясының 27 бабы ата-аналарды өз балаларына қамқор болуға міндеттейді, бірақ сонымен қатар баланың пікірімен санасуды)	0,7

Дүниежүзі тенденциясы – бұл балалар тұрғындарымен тікелей маркетингілік жұмыс. Шетел маркетингтері сегментациялаудың қарапайым түрін пайдаланады – бұл Kids (4 жасан 8 жасқа дейін), Twins (8 жасан 12 жасқа дейін) және Teens (13 жасан 16 жасқа дейін).

Мақсатты аудиторияны сегментациялаудың қолайлы инструменті Нейл Хоув және Уильям Штраус қисындап мазмұндаған буындар теориясы болып табылады. Америкалық ғалымдардың ойынша, баланың бойында буындық құндылықтар қоғамдық оқиғалардың ықпалымен қалыптасады, сондай-ақ тәрбиелік. Осы құндылықтардың қалыптасуы баланың оқиганы «жақсы» және «жаман» позициясынан бағалай бастаған сәтінен бұрын басталады. 12–14 жасына дейін қалыптасқан «терең» болып табылады және бүкіл өмір бойына ықпал етеді. Буындар теориясы арқылы сегментациялау түрлі жас тобының тұтынушыларын талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу ата-аналар бұрынғыдай цензордың рөлін атқарамуы да мүмкін екенін көрсетеді. Бүгін балалар тауарының негізгі тұтынушысы екі

мыңыншылар туған болып саналады — «Z буыны» (Generation Z). Бұл 1,4 млрд. адам немесе дүниежүзі тұрғындарының 21%.

Z буынының негізгі құндылықтары даралық, еріктілік, өзінің адамгершілігін сезіну, жауапкершілік және азаматтық парыз болып табылады.

Z буынын ерекшелейтін қасиет оның жаңа технологияларға әуестігі, өйткені ол кең сызықты интернет пен қоршаған кеңістікті жаппай «оцифровкалау» дәуірінде пайда болды. Сатушылардың жаңа буыны ақпараттың толықтығын және тәулік бойы қызмет көрстеудің болуы талап етті, сондықтан «Зетов» үшін сатып алуларды жасау үшін басымдық нүктесі болды. Қазірдің өзінде америкалық жеткіншектердің 63% интернетке күнде қосылады.

Дүниежүзілік желі кеңістігінде тәрбиеленген буын тегін контентке ұмтылады, сонымен бірге жеткіншектер брендтерге адар қарайды. Олар өздерінің өміріне сәйкес келетін сенімді маркаларды талап етеді.

Жаңа буын өнімнің қоршаған ортаға әсер етуіне көп көңіл бөледі. Z буынын «жасыл» буыны деп атауға болады. Эко-тауарлар мен қызметтер — бұл «Зеттер» тұтынушылары. Экологиялық таза тауарды таңдау тек сәндік тенденцияларға бағыну болып табылмайды. Жалпы осы буын әлеуметтік бағытталған және еріктілер қызметімен белсенді айналысатын буын. Олардың 60% өмірді жақсы қылдыратын кәсіпті таңдағанды қалайды. Әлемге және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау Z буынының тұтынушылық қадамына ықпал ететін болады.

Балалар – лицензиялық өнімнің ең белсенді тұтынушылары. Балалар тауарларының үлесі заманауи лицензиялық нарықтың көлемінің 50% астамын құрайды. Synovate Comson маркетингтік компанияның деректері бойынша, 4 жасқа дейінгі балалардың 77% қаптамасында өзінің сүйікті персонажы суреттелген тауарды сатып алуды талар етеді. Сүйікті кейіпкерлері суреттелген киімді 15 жасқа дейінгі балалардың 50% көбі қалайды. Шамамен балалардың 20% өзінің сүйікті персонажы суреттелген тазалық құралдарын, азық-түлік өнімдерін, ойыншықтар, косметика мен парфюмерияны таңдайды.

Егер аға буын үшін интернет, мобильді байланыс – сатып алынатын игілік болса, ал қазіргі буын үшін бұл қалыпты. Жауап берген сарапшылардың 39,3% ойыншықтардың көп болуы балалар үшін жаман деп есептейді. Өйткені қалағанын ала бергеннен олар ойыншықтардың құндылығын бағаламайды да, түсінбейді.

Жауап бергендердің ширегі (24,5%) қарсы пікірді ұстанады – ойыншықтар баланың дамуы үшін қажет, олар қажеттілік болып саналады, сондықтан олар көп болмайды (Кесте 27).

Сарапшылардың тағы екі қарама-қарсы пікірін келтірейік, олар зерттеу барысында анықталған болатын. Жауап бергендердің 17,2% ойыншықтардың

көп болуы қиялдаудың дамуына кедергі келтіреді және дәл сондай сарапшылардың пайызы (17,2%) ойыншықтардың көп болуы тұрақты назарының қалыптасуына кедергі келтіреді деп есептейді.

Кесте 27

Сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі: Психологтардың пікірі бойынша, ойыншықтардың шектен тыс көп болуы баланың жетілуіне, ал оның жетіспеуі жағымсыз ықпал етуі мүмкін – ойыншықтар тобы ойнауға, қиялдауға, қарым-қатынасқа түсуге емес, әдемі заттарды қарапайым жинауға үйретеді деген пікір бар.

Сіз қалай ойлайсыз? (%)

	%
Ойыншықтардың көп болуы қиялдаудың дамуына кедергі келтіреді және эгоисттік көзқарастың дамуына апарады	17,2
Қалағанының бәріне алғашқы талпыныстан-ақ қол жеткізе берген бала ойыншықтардың құндылықтары мен олардың мәнін түсінуден қалады	39,3
Ойыншықтардың көп болуы тұрақты назарының қалыптасуына кедергі келтіреді	17,2
Ойыншықтардың жетіспеушілігі қызғаншақтыққа, ренішке, тұйықтылыққа әкеп соғады	6,1
Ойыншықтар баланың дамуы үшін қажет, олар қажеттілік болып саналады, сондықтан олар көп болмайды	24,5
